

COVID-19

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

qazaq1913.com +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 kazakh_2006@mail.ru

qazaq gazetі qazaq gazetі qazaq_gazeti qazaq gazetі


1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266–санынан бастап қайта жаңғыртты.

ЕЛІМІЗДЕ ЕРІКТІ
ТҮРДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
НАУҚАНЫ БАСТААДЫ



03

САЯСАТ ЖҮГІН
АРҚАЛАҒАН СПОРТ



05

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ
ЖЫЛНАМА:
ТӨЛ ТЕҢГЕҢІН ТАРИХЫ



11



ОТАҢҒА СҮЙІСПЕНШІЛІК ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

(ПРЕЗИДЕНТТІҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК
БӘРІНЕН ҚЫМБАТ» МАҚАЛАСЫН
ОҚЫҒАННАН KEЙІНГІ ОЙ)

Тәуелсіз Қазақстанның биылғы жылғы әлеуметтік-саяси, мәдени-рухани өміріндегі үлкен мән-мағынасы бар айтулы мерекесі – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы. Иә, отыз жыл дегеніміз осы жылдар аясындағы бел-белестерді, жеткен жетістіктеріміз бен қия басып жіберген кемшіліктерімізді қорытындылау үшін артқа бір қарап қоюмен бірге алдағы атқарылатын ауқымды шараларды белгілеп қоятын да уақыт.

Досалы САЛҚЫНБЕК,

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Мемлекет басшысы өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты еңбегінің «Бағдар мен белес» бөлімінде тәуелсіз мемлекетіміздің отыз жылдық тарихын «шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп», мемлекетіміздің қалыптасуы мен өсіп-өркендеуі жолында атқарылған ауқымды шараларға тоқтала отырып, төртінші онжылдықтың еншісіндегі алдымызда тұрған көкейтесті мәселелерді ашып көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласының «Таным мен тағылым» атты бөлімінде бір-бірімен біте қайнасып жатқан қасиетті ұлттық сана мен ұлттық рух ұғымдарын тарихымыз арқылы жаңғыртуға бағытталған іс-шараларды атқаруға тапсырма берді. Біздің қазіргі таңда тарих ғылымын одан әрі жетілдіру, тарихи оқиғаларды зерделеу, байыпты баға беру, жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеуде қалайша пайдаланып, ұғындырып жүргеніміз, бұл да бір үлкен мәселесінің бір шеті болып табылады.

06-бетте

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ ЖАРИЯЛАНДЫ

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ НҰСҚАСЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛІПБИ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ



Бейсенбі, 28 қаңтарда ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысын өткізді. Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін жетілдіру бойынша атқарылған жұмыстар туралы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен Ахмет Байтұрсынұлов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова, қазақ тілі әріптерінің пернетақтада орналасу тәртібінің жобасы туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, латын қарпіне негізделген әліпбиге көшу жөніндегі алдағы жұмыстар туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов баяндады.

Құндыз НҰҒМАНҚЫЗЫ,
саяси шолушы

ӘЛІПБИГЕ АЛЫНҒАН
ТАҢБАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ UNICODE
ЖҮЙЕСІНДЕ БАР

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысында ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Зейнеп Базарбаева, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сауытбек Әбдірахманов, ҚР Парламенті

Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов түсініктеме берді.

Мамандардың пікірінше, әліпбидің бұл жаңа нұсқасында оны дайындаушылар тек қана ғылыми принциптерге сүйенді. Әліпбидің ғылыми негізділігі оның қазақ тілінің төл табиғатын сақтауға да, әліпби түзудің халықаралық принциптеріне сүйенуге де мүмкіндік берді. Әліпби жасаудағы осындай ұстанымның үш маңызды жағы бар.

07-бетте



«ҚАЗАҚТЫҢ» ТУҒАН КҮНІ

108 ЖЫЛ БҰРЫН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ
АЛҒАШҚЫ НӨМІРІ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Осыдан 108 жыл бұрын, нақтырақ айтсақ, 1913 жылдың 2 ақпанында Алты алаштың жоқтаушысына айналған «Қазақ» газеті оқырманға жол тартты. Жылдар бойғы езгіден қажып, рухани қалжырай бастаған қазақ даласында ұлттың еңсесін көтеруге үндейтін, ұлттық идеяны насихаттайтын «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі дәл осы күні жарық көрді. Яғни, бүгін «Қазақтың» туған күні!

Жасулан МӘУЛЕНҰЛЫ,
бас редактор

Өткен XX ғасыр басында ұлттың жоғын жоқтайтын, байтақ далаға қоныстанған ел арасына ендеп кете алатын, сол арқылы ұлттық идеяны, бостандық пен бірлікті насихаттайтын баспасөздің рөлі ерекше сезілген еді. Мұндай мақсат-мұратты нәубетті заманда бес жыл ғұмыр кешіп, 265 нөмірін жарыққа шығарып үлгерген «Қазақ» газеті абыроймен орындап шықты.

Алаш қозғалысының саяси ұстанымдарын жариялап тұрған басылым Қазақ еліндегі кәсіби газет стилін қалыптастырды әрі зор ағартушылық рөл атқарды.

«Қазақ» газетінің ұстанған бағыт-бағдарына келсек, газет шығарушыларының бірі Міржақып Дулатұлы 1918 жылғы 258-ші санында жарияланған «Орда гербі (таңбасы)» деген мақаласында тоқталып, былай дейді.

02-бетте

Коронавирусқа қарсы вакцинация. Бұл – елді елеңдеткен, көңілді күпті еткен тақырып. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сенсек, 2021 жылдың қаңтарында 42 ел коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияны енгізді. Оның ішінде 36 елдің табыс деңгейі жоғары. Яғни, бұл мемлекеттердің дүйім халқына жаппай екпе егуге әлеуеті жетеді деген сөз. Олар АҚШ, Израиль немесе Еуропалық Одақ елдері. Біздің байтағымызда коронавирустық инфекцияға қарсы қазақстандық вакцина 2020 жылдың 31 желтоқсанында 9 ай мерзімге уақытша тіркеуден өтті. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Нұрлыбек Асылбековтің сөзіне сүйенсек, бүгінде қазақстандық «QazCovid-in» вакцинасы 9 ай мерзімге уақытша тіркеуден өткен көрінеді.

«ВАКЦИНА ДӘУІРІ»: САУАЛДАРҒА ЖАУАПТАР КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ САУАЛДАРҒА ЭПИДЕМИОЛОГ АЙНАГҰЛ ҚУАТБАЕВА ЖАУАП БЕРЕДІ

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
саяси шолушы

ЕКПЕ ТУРАЛЫ ТЕРІС ПІКІР
ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Бұған дейін ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстанда 10 млн адамды вакцинациялау жоспары туралы хабарлаған болатын: «Біз шамамен 10 млн адамға вакцина егуді

жоспарлап отырмыз, бұл – ел халқының жартысына жуығы. Біз көбінесе науқастармен тікелей байланыста болатын осал топтарды анықтадық. Әзірге бұл қолдану нұсқауларына байланысты 18 жастан 65 жасқа дейінгі санат. Қазір зерттеудің қорытынды кезеңдері бойынша деректер ашылууда. Егер осы жас ауқымы кеңейтілсе, сәйкесінше біз вакцинацияға қатысушылардың санын кеңейте аламыз».

Қош! Қазір Covid-19-ға қарсы вакцинация айналасында әңгіме өте көп. Пандемияға дейінгі



Кеше, 1 ақпанда Қазақстанда Ресейде шығарылған «Спутник V» (Гам-КОВИД-Вак) вакцинасын пайдалана отырып, КВИ-ға қарсы вакцинация басталды

кезеңде де жалпы вакцинациялауға қатысты халықтың пікірі екіге жарылатын. Әсіресе, бала-сына салғызғысы келмейтін ата-ананың қарасы көбейгені шындық. Содан екпе туралы теріс пікірлер қаптады. Сол үшін вакцинацияның тарихына шолу жасасақ артық болмас.

03-бетте

#Баспасөз2021

«QAZAQ» ГАЗЕТИНЕ
ЖАЗЫЛУ ЖҮЛ
БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ

ИНДЕКС 64048



ҚР ІІМ жаңа сервис - «102» мобильді қосымшасын іске қосты



Кеше, 1 ақпанда ҚР Ішкі істер министрлігі жаңа сервис - «102» мобильді қосымшасын іске қосты. Аталған қосымша полиция қызметкерлерінің оқиғалар мен азаматтардың хабарламаларына жедел әрекет ету мақсатында жасалған.

«Министрлік алдында тұрған міндеттердің бірі - заманауи технологиялық, азаматтардың сеніміне ие ішкі істер органдары жүйесін құру. Бүгін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында біз ресми түрде халыққа ыңғайлы жаңа сервис - «102» мобильді қосымшасын іске қосамыз. Ақпараттық технологиялардың қазіргі даму деңгейінде кез келген ақпарат тез таралады. Полицияның азаматтардың хабарламаларына ден қоюы да осындай тез болғанын қалаймыз.

Сонымен қатар, министр мобильді қосымшаны пайдаланудың артықшылықтары туралы айтты. Бұл - оқиғалар туралы қысқа хабарламалар мен фото, видеолар жіберу мүмкіндігі және оқиға орнынан тікелей бейнеқоңырау шалуға болады, бұл ЖБО операторына не болып жатқанын көруге және дереу тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

«Қосымша арқылы сыбайлас жемқорлық, полиция қызметкері тарапынан жасалған болсаула фактісіне тап болған жағдайда, ІІМ-нің Өзіндік қауіпсіздік қызметіне де жүгінуге болады. Қосымшаның көмегімен және бірлескен күш-жігеріміздің арқасында полицияның жедел әрекет етуі, қылмыстарды ашудағы тиімділік артады және көптеген құқық бұзушылықтардың алдын алуға болады деп күтеміз. Егер өзіңізге немесе өзгелерге қауіп төніп тұр деп ойласаңыз, мас адамның рөлге отырғанын көрсеңіз, зорлық-зомбылықтың куәсі болсаңыз, жануарларға қатыгездік жасалып жатқанын көрсеңіз, күдікті адамды байқасаңыз, дереу хабарлаңыз. Тек бірлескен күш-жігерімізбен ғана құқықбұзушылыққа төзбейтін және қауіпсіз қоғам құрамыз», - дейді Ішкі істер министрі.

Жаңа ыңғайлы сервис азаматтарға 1 ақпаннан бастап қолжетімді. Қосымшаны Android жүйесіндегі смартфондарға арналған Play Market-тен және IOS жүйесіндегі смартфондарға арналған App Store-дан жүктеуге болады.

Қазақстанда 1 ақпандағы мәлімет бойынша, 28 050

адам коронавирус инфекциясынан (16 646 КВИ+ және 11 404 КВИ-) емделуде, олардың ішінде 6 414 пациент стационарда, 21 636 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда

2020 жылдың 11 айында әрбір қазақстандық темекіге орташа есеппен 34,8 мың теңге жұмсады. Ал, өткен жылдың желтоқсанында фильтрлі темекі бағасы 1 жыл бұрынғыға қарағанда 14,9 пайызға қымбаттады. Темекі бағасының өсімі Атырау (бір жылда 20,9 пайыз), Жамбыл (20,3) және Алматы облыстарының тұрғындарына қатты сезілді. Еліміздің қалаларындағы базарлар мен дүкендерде бір қорап темекі бағасы желтоқсанда 508 теңгеге жетті. 2020 жылдың 11 айының қорытындысында жергілікті компаниялар ішкі нарықтарды темекі және папироспен 75,2 пайызға қамтамасыз етті. Аталған кезең ішінде өндіріс көлемі 2,5 пайызға төмендегеніне қарамастан импорт бірден 7 есеге, 5 млрд данаға дейін қысқарды. Экспорт үлесі 2,7 млрд сигарет пен папиросы құрады. Ел тұрғындары 11 айда 17,6 млрд дана темекі шекті. Әрбір ересек қазақстандық 1,5 мың дана сигарет пен папирос немесе күніне 4,4 дана темекі шеккен.

http://qazaq1913.com



ЕРЛАН ҚИЯСОВ, ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ:

«ЛОКДАУНСЫЗ ӨМІРГЕ ОРАЛУҒА ҰШЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ВАКЦИНА АЛУЫ ҚАЖЕТ»

Егер халықтың кем дегенде 50%-ы вакцина алса, иммундық қабат пайда болады. Осылайша, еш шектеусіз, карантинсіз, локдаунсыз қалыпты өмірге қайта орала аламыз. Вакциналаудың ең басты нәтижесі осы болады. Жыл соңына дейін 6 миллион адамды вакцинамен қамтамасыз ету жоспарланған. Жалпы, егу жұмыстары үшін 10 миллион азаматқа дейін есептелген сандарды алдық. Бірінің вакцина алғаны қалар едік, өйткені коронавирустың қандай қауіпті инфекция екенін білесіздер. Барлығын вакцина алуға шақыруға тырысамыз...

(Кеше, 1 ақпанда Елордадағы №6 қалалық емханада коронавирусқа қарсы вакцина салдырған Денсаулық сақтау вице-министрі - Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясовтың тілшілерге берген сұхбатынан)

КОРОНАВИРУС ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ САЙТ CORONAVIRUS2020.KZ

Кеше, 1 ақпанда Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов коронавирусқа қарсы вакцина салдырғаннан кейін қандай әсерлер болуы мүмкін екенін түсіндірді.

ЕКПЕ АЛҒАННАН КЕЙІН АДАМДА ҚАНДАЙ СИМПТОМДАР БОЛУЫ МҮМКІН?



«Қандай вакцина салдырсақ та, дәрі ектірсек те, оның адам ағзасына түрлі әсері болуы мүмкін. Яғни, екпе жасатқан жер ауырсынуы, қызаруы табиғи заңдылық. Бұған қоса, жалпы ағзаның реакциясы болып, кей адамда дене қызуы көтерілуі, әлсіздік пайда болуы ықтимал. Мұның барлығы адам ағзасына байланысты», - деп түсіндіріп өтті Тимур Мұратұлы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Басқарма басшысының айтуынша, вакцинация жасатқан адамның қолына жадынама беріледі.

Онда екпе салдырғаннан кейін барлық көрсетілмдер толықтай жазылған.

«Вакцинациядан кейін үш күн бойы ішімдік ішуге, темекі шегуге болмайды. Моншаға түсуге және суық тигізуге болмайтындығын да білу керек. Өзім бүгін таңертеңгі сағат 10-да вакцина салдырдым. Қазір жағдайым жақсы, маған да түсіндірді. Сонымен қатар, бұл процесс цифрландырылған, яғни СМС-хабарлама келді. Онда өзімді қалай ұстауым керектігі және 21 ақпанда екінші компонентті алуға келуім тиістігі ескертілген», - деді Тимур Мұратов.

29 қаңтарда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың қатысуымен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Отырыс онлайн-форматта бейнеконференц-байланыстарды қосу арқылы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, барлық санитарлық нормаларға сәйкес өткізілді. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

МИНИСТРЛІК ӨТКЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ СЛУЖБА ЦЕНТРАЛЬНЫХ КОММУНИКАЦИЙ КАЗАХСТАНА CENTRAL COMMUNICATIONS SERVICE OF KAZAKHSTAN

Алқа отырысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкерлері, сондай-ақ саяси партиялардың, үкіметтік емес және діни ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Ералы Тоғжанов өз сөзінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі республикалық жоспар аясындағы іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті.

Алқа отырысында спикерлер ақпарат және қоғамдық даму саласындағы бірқатар маңызды жобалар туралы айтты. Министрліктің қызметі туралы есеп беру баяндамаларымен, яғни азаматтық қоғам саласында атқарылған жұмыстар туралы вице-министр Болат Тлепов, ақпараттық жұмыс және медиа саланы дамыту туралы вице-министр Кемелбек Ойшыбаев, жастар және отбасылық саясат саласында атқарылған жұмыстар жөнінде вице-министр Асхат Оралов, сонымен қатар, Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов сөз алды.

Бұдан бөлек, азаматтық қоғам өкілдерінен негізгі нәтижелер ретінде Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева, «Atameken Business» бас директоры Қанат Сахариянов болды. Олар пандемия кезіндегі азаматтық қоғамды дамытудың өзекті мәселелері, ақпараттық саланың дамуы жөнінде өз ұсынастары мен пікірлерін айтып берді.

Министр Аида Балаева өз сөзінде 2020 жылғы негізгі нәтижелер мен министрліктің 2021 жылға арналған міндеттерін атап өтті.

Министрдің айтуынша, 2020 жылы министрлік қойылған барлық міндеттерді коронавирустық пандемияға байланысты өзгертулерді ескере отырып

толықтай жүзеге асырды.

Аида Балаеваның айтуынша, қоғамдық көңіл-күйді тұрақтандырудың шешуші факторларының бірі - жалған ақпаратты жедел теріске шығару және халықты stopfake.kz және coronavirus2020.kz сайттарында КВИ даму динамикасы мен ауқымы туралы үнемі хабардар ету болып отыр.

«Министрлік өткен жылы журналистердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курсы, сондай-ақ салалық журналистиканы дамытуды бастады. Қазіргі уақытта бұл бастамалар жүзеге асырылып жатыр», - деді Аида Ғалымқызы.

Министр мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды берудің жаңа ережелері, БАҚ туралы жаңа Заңды әзірлеу және телеарналарда отандық ақпараттық контент үлесінің артуы бойынша жүргізілген жұмыстарға бөлек тоқталып өтті. Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылы шетелдік контент 30%-ға қысқартылды.


«Ведомство құзыретіне қоғам өміріндегі бірнеше маңызды бағыттар қатысты, сондықтан біздің миссиямыз маңызды. Дегенмен, менің ойымша, биыл біз нәтижелікті арттырып, сәйкесінше деңгейді жоғары көтеруге керек», - деп атап өтті министр.

Сонымен қатар, Аида Балаева келесі аптада облыстарда онлайн режимде де, офлайн режимде де ұйымдастырылатын министрлік күндері басталатынын айтты. Осы іс-шаралар аясында барлық облыстардың тұрғындарын министрлік жүргізіп жатқан жұмыстармен таныстыру жоспарлануда.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі: «Біздің маңызды міндеттеріміз - мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін және ақпараттық-идеологиялық жұмыстарды қамтамасыз ету», - деді.

Алқа қорытындысы бойынша, Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов министрлік басшылығына бірқатар тапсырмалар берді.

108 ЖЫЛ БҰРЫН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ НӨМІРІ ЖАРЫҚ КӨРДІ



01-беттен

«Киіз үй - киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік жарық кіретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын деген мағына еді. Үйдің есігі «Қазақ» деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі жат жұрт жағынан күзетшісі болсын делінген еді. Қазаққа деген игілік нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келетін жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын делінген еді».

Міне, алдына осындай үлкен мақсат-мүдделерді қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгіссіз күрес жолымен жетуге ұмтылды. Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті Кеңес өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ - 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.



«БАРЛЫҚ АДАМДАРҒА ВАКЦИНАНЫ ТЕГІН САЛУҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАУҚАРЫ ЖЕТЕДІ»

– Пневмония бөлек, Covid-19 басқа деп айтылған еді. Жалпы, бұл екені барлық адамдарға салдырған дұрыс па?

– Вакцинацияға келген кезде денсаулығында кінәрат болмаса, дене қызуы көтерілмесе, жұқпалы аурумен ауырмаса сонымен қатар, созылмалы ауруларының асқынуы болмаса, жасауға болады. Бір сөзбен, кері медициналық көрсеткіштері болмауы керек. Бұрыннан өте ауыр аллергиялық реакциялары болса, ондай адамға жасаудың қажеттілігі жоқ. Өйткені, аллергиясы бар науқастарға қаншалықты әсер ететінін біз білмейміз. Сонымен қатар, кішкентай балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, аяғы ауыр, бала емізетін әйелдердің арасында арнайы ғылыми клиникалық тексеріс жүргізілген жоқ. Соған байланысты ол топтарға екеп жасалмайды. Алдағы уақытта басқа мемлекеттерде бұл тұрғыда қосымша ғылыми жұмыстар жүргізіледі. Бұл топтарға қауіпсіз болса ғана вакцина жасау қажеттілігі туындайды. Мысалы, бұрнағы жылдары «тұмауға қарсы вакцинаны жүкті әйелге салуға болмайды» деп айтылды. Ал, бірақ әлемнің барлық дерлік мемлекетінде жүкті әйелдердің арасында тұмаудан өлім-жітім жағдайы өте жиі шырасып кетті. Соған байланысты ДДСУ Америкалық аурулардың алдын-алу орталығымен бірлесіп жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде бұл вакцина жүкті әйелдерге өте тиімді екенін, жүктілік кезінде әйелдерді аурудан сақтап қана қоймай, 6 айға дейін жаңа туған нәрестелерге өте тиімді екені дәлелденген. Біздің мемлекетімізде де жүкті әйелдерді тұмауға қарсы екпемен жоғары деңгейде қамтамасыз етіп, сырқаттанушылық төмендегені байқалды.

– Аталған екені бірінші осал топтар алатынын білдік. Қалған адамдар қашан алады? Ақылы түрде алуына бола ма?

– Бәлкім, біраз уақыт өткеннен кейін халықтың қалған бөлігін де тегін вакцинамен қамтамасыз етуге мүмкіндік алатын шығармыз. Менің бір туысқаным: «Вакцина елімізге келісімен ақылы түрде алғым келеді», – деп айтады. Бірақ, ол біз айтқандай топтың соңғыларының біріне жатады. Яғни, денсаулығында кінәраты бар. Бұрын инфаркт алған. «Егер ауырып қалсам, ауыр өтетінін білемін, ал мен балаларымды жеткізім керек», – деп жанталасып, маған қайта-қайта қоңырау шалды. Бірақ, бүгінгі күні мемлекет тарапынан бөлініп жатқан вакцинаны ақылы түрде жасай алмаймыз. Оны да атап өту керек.

Вакцина өзімізде жасалған соң «ала қойды бөле қырықпай», барлық адамдарға тегін салуға қауқарымыз жетеді деп ойлаймын.

I – Ашық әңгімеңізге рақмет!

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Сала мамандарының вакцинация туралы жаңа жақты мағлұмат берді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтіріп болсақ, әр адамның өзіндік биологиялық ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, вакцинаны таңдау мүмкіндігі тағы бар. Ешкім ешкімді мәжбүрлемейді. Дегенмен, ел болып біріккенде ғана қалыпты өмірге орала алатынымыз белгілі.

ауырған. Бұрыннан созылмалы аурулары болуына байланысты осы кісілердің арасында сырқаттанушылық көп тіркелген. Бір жерде шоғырланғандықтан, ауру көп тіркелген сайын асқынулар болып, өлім-жітімге алып келуі мүмкін. Бұл жастағы адамдарды да, оның ішінде жұмыс істеп жүрген персоналды да арнайы топ ретінде вакцинациялауды жоспарлап отырмыз.

Бірден айтайық, екпе салуға ешкім мәжбүрлемейді. Бәрі ерікті түрде жүзеге асады. Бірақ, бүгінгі күні осы вакцинаның қажеттілігін көріп отырмыз. Өйткені, бұл

«ВАКЦИНА ДӘУІРІ»: САУАЛДАРҒА ЖАУАПТАР

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ САУАЛДАРҒА ЭПИДЕМИОЛОГ АЙНАГҰЛ ҚУАТБАЕВА ЖАУАП БЕРЕДІ

аурумен қайта ауырып жатқандар да бар. Ауырып кеткеннен кейінгі иммунитет пен вакцинациядан кейінгі иммунитеттің айырмашылығы бар екенін, оған ешқандай күмән келтірмеу керек екенін шетелдегі ғалымдар мен зерттеушілер айтып отыр. Қолданыстағы вакциналардың ішінде 90% жоғары иммунитет қалыптастыра алатындай мүмкіндігі бар екенін дәлелдеп берді. Коронавирустық жұқпа денсаулығында әр түрлі кінәраты бар, оның ішінде қант диабеті, төменгі тыныс жолдарының аурулары, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары бар адамдарда өте ауыр өтеді. Сондықтан олар арнайы топқа кіретінін айту керек. Өкпе, бауыр, бүйрек аурулары, қант диабеті, эпилепсия, бұрын инсульт алғандар, жүйке және жүрек-қантамыр жүйесінде әр түрлі иммунодефициттік аурулары, аллергиялық, әр алуан ісік аурулары бар науқастарға абайлап жасау керек.

Осал топқа кірген көптеген мекеме қызметкерлері жазбаша түрде келісімін беріп қойды. Мысалы, мен де өзімнің учаскелік №36 қалалық емханадағы дәрігеріме екені міндетті түрде қабылдайтын жөнінде алдын ала хабарлап қойдым.

«РЕСЕЙЛІК ВАКЦИНА ҚАЖЕТТІ САПА СЫНАҚТАРЫНАН ӨТКЕН»

– Оқырманға коронавирустық жұқпаға қарсы екенің нақты қай түрі егілетіні туралы мағлұмат бересіз бе? Тиісті ведомост да, сала мамандары да ресейлік вакцина туралы айтып жүр. Ал, өзіміздің қазақстандық вакцина қашан дайын болады?

– Біз бірінші сатыда Ресейдегі Гамаля атындағы Ұлттық эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығында жасалған «Гам-КОВИД-Вак» («Спутник V») вакцинасын алатын болып жатырмыз. «Спутник V» Ресейдің Денсаулық сақтауды қадағалау қызметінің қажетті сапа сынақтарынан өткізілген. 1 ақпанға дейін 2 миллионнан артық дозасы келді. Одан кейін екінші сатысында

Қарағанды фармацевтикалық зауытының алаңында шығарылатын отандық «QazCovid-in» енгізіледі. Вакцинаның негізгі құрамдас бөлігі Ресейден әкелінеді. Біздің мемлекетімізде арнайы сұйықтық күйілады. Ол үшін барлық жағдай жасалынады.

– Егудің алдында учаскелік дәрігер тексеру жүргізе ме?

– Әрине, жүргізеді. Екпе қайсыбір емдеу мекемесінде жүргізіледі. Емдік мекемеңізге барғанда «вакцинация қажет пе, қажет емес пе» деп қосымша сұрақ қойып, вакцинаның сыртындағы қолдану нұсқаулығымен танысып шығуыңызға болады. Дәрігерге денсаулығыңызда қандай да бір кінәрат бар-жоғын айтуыңыз қажет. «Қарсы көрсеткіштер бар ма, жоқ па?» деген сияқты әр адамға қойылатын бірнеше сауалдар бар.

«ВАКЦИНАНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЗАТТАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫ ДА ӨЛІМ ШАҚЫРАТЫНДАЙ ҚҰРАМДАС БӨЛІК ЕМЕС»

– Қазір көп азаматтар «Біз ауырып кеттік. Енді бұл вакцинаның қажеті қанша» деп жатыр. Оларға не дейсіз?

– Ауыр түрде ауырып кеткен болса, 6 айдан кейін осы екпені алуға кеңес береміз. Аурудың жеңіл түрін өткізген тұрғындар арасында: «Вакцина жасамас-тан бұрын лабораторияға барып тексеріліп алсақ, бәлкім бізге екпе жасатудың қажеті жоқ шығар» деп айтады. Біз ондай адамдарға «Арнайы скрининг жасаудың қажеті жоқ» деп айтқан болар едік. Ауырған болсаңыз, ауырғаныңыз туралы емдік мекемеден алған қағазыңыз бар. Ал, ауырмаған болсаңыз, арнайы зертханалық тексеруден өту қажеттілігі жоқ.

– Коронавирус вакцинасы туралы ел аузында аңызға бергісіз әңгімелер айтылып жүр ғой. Соның бірі – «ойбай, алда-жалда бірнәрсе

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы филиалы ШЖҚ РМК «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» директорының орынбасары **Манар Смағұл** вакцинацияны медицинаның ең үлкен жетістігіне балайды. Төменде эпидемиолог дәрігердің пікірін жариялап отырмыз. Ал, әріптесінің бұл сөзіне Нұр-Сұлтан қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім жетекшісі **Жаннат Пралиева** да қосылады. Халықты Covid-19-ға қарсы вакцинаны салдырудан қашпауға шақырған эпидемиолог дәрігердің де пікірі төменде жарияланды.

«ЕЛДЕГІ ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – КОРОНАВИРУСТЫҚ ЖҰҚПАНЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ»

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы филиалы «Хамза Жұматов атындағы Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы» директоры Айнагүл Қуатбаеваның сөзінен де коронавирустық жұқпаға қарсы егу жұмыстарының тиімділігіне көз жеткізгендей болды.

– Кеше Қазақстанда коронавирустық жұқпаға қарсы егу жұмыстары басталды. Бұл шараның негізгі мақсаты – коронавирустық жұқпаның эпидемиологиялық ахуалын тұрақтандыру. Оның барлығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес атқарылып жатыр. Ол үшін мемлекет тарапынан арнайы қаржы бөлінеді. Республикалық және жергілікті облыстық, қалалық бюджеттен шприцтер сатып алынып жатыр. Бұрынғы полиомиелитке қарсы вакцинадан басқасының барлығы +2-+8 температурада сақталынатын еді. Жолда тасымалдауда да сондай температуралық тізбекті қажет ететін-ді. Коронавирустық вакцинаның қай түрі болмасын миноустық төмен температураны қажет етеді. Соған байланысты арнайы мұздатқыштар сатып алынды (температура минус 18°С). Мұздатқыштан алынған соң егу бөлмесіне дейін тасымалдау үшін арнайы тасымалдайтын контейнерлер және мұздатқыш элементтерінен өзге ішіндегі сұйықтығы бөлек арнайы мұздатқыш элементтері де сатып алынды. Мұның барлығы да жергілікті әкімдіктер, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен денсаулық сақтау ұйымдары тарапынан қадағалауға алынды.

– Денсаулық сақтау министрі бұл вакцинаға арнайы осал топтардың белгіленгенін айтты. Соларға да нақты тоқталсаңыз...

– Иә, бұл вакцинаға арнайы топтарды белгілеп алып жатырмыз. Себебі, қандай мемлекетке болса да, бір мезетте қажетті вакцинаның барлық көлемін жеткізу мүмкін емес. Өйткені, вакцина өндірушілер енді шығарып жатыр. Сол үшін әр мемлекет жағдайына қарап, саты-сатысымен сатып алуға.

Енді нақты кімдерге егілетініне келсек, халықпен жиі жұмыс істейтін осал топтарға егеміз. Медициналық мекемелердің ішінде жұқпалы аурулар ауруханасындағыларды, жедел жәрдемдегілерді, ауруханалардағы реанимация бөліміндегілерді ең алдымен қамтамасыз етуіміз қажет. Бүгінгі күні көптеген мамандар екпе алуға келісімін беріп отыр.

Екінші топ – педагог мамандар, одан соң құқық қорғау органдарында істейтіндер, студент жастар. Көбінесе жабық мекемелердегі азаматтар ковидпен көп

ҚАЗАҚСТАНДА «СПУТНИК V» ЕКПЕСІМЕН ЕРІКТІ ТҮРДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ



Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 1 ақпаннан Қазақстанда «Спутник V» екпесімен ерікті түрде вакцинациялау науқаны басталды. Бұған дейін жасалған келісім негізінде Қарағанды фармацевтикалық кешені елге «Спутник V» вакцинасының алғашқы партиясын жеткізді. Жалпы, ақпан айында Қарағанды фармацевтикалық кешені вакцинаның 112 мың дозасын, наурызда – 150 мың, сәуірден маусымға дейін – ай сайын 600 мың дозаны жеткізетін болады. Сондай-ақ, сәуір айынан бастап 75 мың доза көлемінде «QazCovid-in» отандық вакцинасы салынады деп жоспарлануда, ай сайын оның көлемі 500 мың дозға көбейеді.

Бірінші кезекте халықтың жекелеген топтары – медицина қызметкерлері, полицейлер, әскери қызметкерлер және т.б. вакцинацияланады.

Вакцинациялауға профилактикалық егуге қарсы көрсеткіштері жоқ адамдар жіберіледі. Вакцинация алдында дәрігер пациентті міндетті түрде тексереді.

Қазақстан бойынша егу пункттерінің дайындығы тексерілді, профилактикалық егу жүргізу мәселелері бойынша стандартты операциялық рәсімдер бекітілді, екі мыңнан астам медицина қызметкері оқытылды.

Айта кету керек, тек вакцинация коронавирустың одан әрі таралуына жол бермейді және қатаң локауданның жалғыз баламасы.

«ВАКЦИНА – АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ШАРАСЫ»

Манар СМАҒҰЛ, ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы филиалы ШЖҚ РМК «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» директорының орынбасары:


Вакцинация, бұл – иммунизация. Оның арқасында біз табиғи шешек сияқты ауруды жоюға қол жеткіздік. Вакцинацияның арқасында қазір дәрігерлердің жас буыны дифтерия және сіреспе сияқты аурулармен кездеспейді. Біз қызылша, қызамық, «Б» гепатитімен сырқаттанушылықты төмендегенін көріп отырмыз. Мысалы, егер 2005 жылы, яғни осыдан 15 жыл бұрын бізде қызамықтың 15 мыңға жуық жағдайы тіркелсе, бүгінде бізде жаңа туған нәрестелер арасында осындай инфекцияның жекелеген жағдайлары тіркелуде. Міне, бүгін біз коронавирустық вакцинацияның да тиімділігі туралы дәлелдердің шынайылығына көз жеткіземіз деп үміттенемін. Бұл сырқаттанушылықты және соның салдарынан өлімді азайтуға септеседі. Бұл бізге әдеттегі өмір салтына – карантиндік шектеусіз өмірге оралуға мүмкіндік береді. Вакцина бізге еркіндік береді, денсаулық береді. Вакцина – бұл адам ағзасына антиденелер шығаратын арнайы дәрі-дәрмектер. Бұл антиденелер тірі вируспен кездескенде күресуге қабілетті, осылайша олар аурудың алдын алады. Вакцина – аурудың алдын алудың ең сенімді, тиімді шарасы, яғни вакцина емдемейді, бірақ қорғайды.

Жаннат ПРАЛИЕВА, ҚР ДСМ СЭБК Нұр-Сұлтан қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім жетекшісі:

«ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ – ВАКЦИНАЦИЯ»

– Менің ойымша, Covid-19-ға қарсы вакцина салдыру керек. Өйткені, бір жылдан бері карантиндік шектеулермен өмір сүріп келеміз. Қашанғы бетпердемен тұмшаланып жүрмекпіз?! Одан шығатын жалғыз жол – вакцинация. Әйтпесе, ауру белең алып, қатты асқынып кетуі бек мүмкін. Егер халықтың басым бөлігі екпені алатын болса, пандемиядан құтыламыз

деген үміт бар. 27 қаңтарда шыққан қаулыға сәйкес, бірінші біздің қоймаларымызға Ресейден әкелінген «Спутник V» вакцинасы егіледі. Оның клиникалық сатыларының бәрі толықтай тексерілген. Ресейде 1,5 миллион адам алып үлгерген. Оның ішінде біздің көп әріптестеріміз де бар. Олардың ешқандай да теріс пікірін кездестірмедік.



ТҮРЛЕНГЕН ТҮРКІСТАН

ЕСКІ ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

«Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түркітің бесігі ғой» деп Мағжан Жұмабаев жырлағандай, облыс орталығына айналған тарихи қала соңғы екі жылда адам танымастай өзгерді. Ал, Түркістанның түрленетіндей жөні де бар. Өйткені, бір ғана 2020 жылдың 10 айында өңірдің мәдениет, спорт сияқты салаларына 93 млрд теңгеден астам инвестиция құйылыпты. Бұл толымды тірлік бюджет қаражатымен қатар демеушілер мен инвесторлар есебінен де жүзеге асып жатыр.

БАС ҚАЛА НҮР-СҰЛТАН АЛАҢЫН ТARTU ETTI

Елорда еліміздің болашақ рухани орталығына аумағы 5,4 гектарды алып жатқан Нұр-Сұлтан алаңын тарту етті. Онда 30 мың шаршы метрге ағаштар егіледі, 20 мың шаршы метрге жаяу жүргіншілер жолдары төселеді, қалған жерлерге су бұрқақтар орнатылады. Бір сөзбен айтқанда, Елбасы мен Елорда атауын алған алаң түркістандықтардың көз қуанышына айналады.

Тапсырыс беруші – Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы, бас жобалаушы – «Қала

Бүгінде саябақтағы барлық құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Саябақ қала тұрғындары мен қала қонақтарына жақында есігін айқара ашады. Бұл күндері нысанды Түркістан облысының коммуналдық меншік балансына беру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Талдықорған қаласы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің тапсырысын «Bazis-A» корпорациясы орындаған.

Аталған жобаны жүзеге асыруға Алматы облысы 3,4 млрд теңге, Ақмола облысы 2,6 млрд теңге, Қарағанды облысы 2,5 млрд теңге қаржыны өз бюджеттерінен бөлген.

арналған төрт қабатты театрдың ауданы 10 мың шаршы метрді құрайды. Жоба құны – 9,4 млрд теңге. Қаржының жартысын Ақтөбе облысы көтерген, жартысын Түркістан облысының өзі бөлген.

4,7 млрд теңгенің басым бөлігі Ақтөбе облыстық бюджетінен қарастырылса, 0,5 млрд теңгені «Парыз» қоғамдық қоры аударған. Ал, театрды сол баяғы «VI Group» салған.

БАСҚА ОБЛЫСТАР ДА ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ

Батыс Қазақстан облысының бюджет қаражаты есебінен 550 орындық кон-

зерв спорт мектебін салуға қаражат бөліні. Баскетбол, волейбол, футбол және жекпе-жек залы бар спорт мектебінде болашақта облыстық, республикалық және халықаралық жарыстар өткізіледі. «СТРОИН» ЖШС нысанды 2019 жылдың қазан айында тапсырды.

Түркістан облысының батыстағы көршісі – Қызылорда облысы «Бақ-Береке 2030» ЖШС-нің «көмегімен» 100 адамға арналған шығыс моншасын салып берді. Құрылыстың жалпы ауданы – 8,6 мың шаршы метрді, сметалық құны – 1,1 млрд теңгені құрады. Монша құрылысы көне шығыс стилінде бекітілген эскиздік жобаға сәйкес жүргізілді.

Жамбыл облысының әкімдігі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жатақханасын визит-орталыққа айналдырды. Оған облыстық бюджеттің 738 млн теңгесі жұмсалды.

Павлодар облысы Түркістандағы құрылысқа бюджеттен бір тиын да жұмсамады. Ауданы 4,2 мың шаршы метрлік Халыққа қызмет көрсету орталығы демеушілер есебінен салынды. Құрылысқа кеткен 1,2 млрд теңгені «Eurasian Resources Group» АҚ бөлді. Заманауи құрылысты салған «ТаразҚұрылысИнвест» ЖШС нысанды 2019 жылдың қазан айында тапсырды.

СЫЙЛЫҚ ЖАСАМАҒАН ЖАЛҒЫЗ ОБЛЫС

Қазақстанның барлық өңірі 2,5 жыл бұрын облыс орталығына айналған Түркістанға бір-бірден ғимарат «сыйлап» жатқанда, Маңғыстау облысы сыйлық жасаудан қалыс қалған екен. Еліміздегі бай облыстардың бірі оны қаржыландырудың болмауымен түсіндірген. Содан Елбасы жүктеген амфитеатрды салу «Самұрық-Қазынаға» міндеттелген.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Көп түкірсе – көл» дегендей, «түріктің Тәңірі берген несібесі» Түркістанды абаттандырып, көшелерді көркейте, мәдени нысандар салу жұмыстарына еліміздің Маңғыстаудан басқа барлық өңірі бір атаның баласындай үлес қосып келеді. Әкімдіктер қазірдің өзінде жергілікті бюджеттен тарихи қалаға 40 млрд теңгеден астам қаржы жұмсапты. Ал, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Түркістан: көне мен келешек көпірі» атты фильмінде Түркістанды дамытудың бірінші кезеңінде 350 млрд теңге жұмсалатынын айтқан болатын.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, саяси шолушы

ЕҢ ҚЫМБАТ СЫЙЛЫҚТЫ ШЫМКЕНТ ЖАСАДЫ

Түркістан облысы мен оның орталығын жаңартуға елдің әр өңірі өзіндік үлес қосып жатқаны белгілі. Мәселен, Шымкент қаласы «жақын көршісіне» ең қымбат сыйлықтардың бірін жасады.

Қазақстанның үшінші мегаполисі тарихи қалада аумағы 8,4 мың шаршы метрді құрайтын үш қабатты ғылыми-әмбебап кітапханасын тұрғызып жатыр. Кітапхана 250 мың кітапты сақтауға есептелген және онда 392 орындық концерт залы болады. Бұл жұмысқа Шымкент қаласының Құрылыс басқармасы мен елге танымал «Bazis-A» корпорациясы жауапты.

Шымкент қаласы әкімдігінің мәліметінше, кітапхана құрылысына барлығы 8 млрд теңге жұмсалмақ. Соның 1 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, қалғаны қалалық бюджеттен бөлінген. Бүгінде 8 млрд теңгенің 5,5 млрд теңгесі игеріліп, еңсели ғимарат бой көтерді, сыртқы және ішкі әрлеу, инженерлік желілер тарту, абаттандыру жұмыстары ішінара орындалды. Енді кітапхана мен сахна жабдықтары сатып алынады.

Кітапхананың архитектуралық идеясын жас қазақстандық сәулетші Сабина Хамзина ұсынды. Оның жобасы 2018 жылы өткен «Turkistan Architect Awards» байқауында жеңіске жеткен-ді.

Шымкент әкімдігі кітапхана құрылысын 2021 жылдың 20 наурызында аяқтауға уәде беріп отыр.

БАСПАСӨЗ ҮЙІН БІРІНШІ МЕГАПОЛИС САЛДЫ

Екі млн халқы бар Алматы қаласы Түркістан қаласына ауданы 3 мың шаршы метрден асатын медиа орталықты сыйға тартты. Баспасөз үйінде телеарналар мен радиолардың, облыстық газеттердің редакциялары және түркітілдес елдердің БАҚ өкілдері орналасқан. Оның құрылысы алғашқылардың бірі болып 2019 жылдың соңында аяқталды.

Медиа орталықты Алматы қаласының Жайлы қалалық орта басқармасының тапсырысымен «VI Group» холдингі салды. Алматы әкімдігінің мәліметінше, жобаның жалпы құны – 4,8 млрд теңге болса, оның 2 млрд теңгесі медиа орталықты жабдықтауға жұмсалған.



НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Тағылымы терең Түркістанның еліміз үшін орны өте бөлек. Ол – Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Түркістан – қазақ елінің рухани жүрегі, қазақтың көптеген аяулы перзенттері мәңгіге жай тапқан қасиетті қала. Осында жерленген 164 әйгілі тұлғаның 21-і ел басқарған қырандар, 30-дан астамы қол бастаған батырлар, ауқымды сөз бастаған билер. Түркістан тарихы – күллі қазақтың тарихы. Қасиетті Түркістанға деген мақтаныш сезімі әр қазақтың жүрегінде ұялаған. Түркістан тек бізге ғана емес, күллі түркі жұртшылығына қасиетті әрі қадірлі мекен. Халқымызда «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Ясауи» деген сөз бар. Осындай сан алуан факторлар Түркістанды түбі бір түркі жұртының рухани орталығына айналдырды. Осының барлығы Түркістанды облыс орталығы деп жариялауымызға себеп болды...

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ЖОМАРТТЫҚ ТАНЫТТЫ

Атына заты сай болған Атырау облысы жомарттық танытты. Ең бай облыс ең қымбат сыйлық жасады. Мұнайлы астана тарихи қалада ауданы 6 мың шаршы метрге жуық «Ұлы дала елі» мәдени-сауық орталығын салады. Онда Қазақ хандығының құрылу тарихын бейнелейтін экспозициялары бар тоғыз тақырыптық зал орналасады.

Оған Атырау облысының Құрылыс басқармасы мен «VI Group» холдингі жауапты. Инвестиция көлемі – 10,8 млрд теңгені құраса, оның 8,1 млрд теңгесі облыс бюджетінен, қалған 2,7 млрд теңгесі демеушілерден бөлінді.

ТҮРКІСТАННЫҢ СУ ЖАҢА ДРАМА ТЕАТРЫ БАР

Тағы бір ең қымбат сыйлықтардың бірі – драма театр. Бес жүз көрерменге

церт залы, оқу сыныптары, конференция залы және демалыс аймағы бар ауданы 2,3 мың шаршы метрлік «Ақ Жайық» музыка мектебі салынды. Екі қабатты музыка мектебі Батыс Қазақстан облысының бюджетіне 1,9 млрд теңгеге түсті. «А.Р.Т.-Құрылыс» компаниясы бұл нысанды тапсырыс берушіге 2019 жылдың желтоқсанында тапсырды.

Қостанай облысы отбасылық құндылықтарға қаржы құйды. 2019 жылы облыс бюджетінен бөлінген 1,2 млрд теңгеге «B&A Contractors SA» компаниясының Нұр-Сұлтан филиалы Неке қию сарайын салды.

Түркістанда 2019 жылдың қазанында жаңа су бұрқақ пайда болған еді. Жарқылдаған әрі әуенді 1,1 млрд теңгелік заманауи су бұрқақты Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі сыйға тартты.

Солтүстік Қазақстан облысы өз бюджетінен құны 1,1 млрд теңге болатын екі қабатты Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық ре-



■ Хоккей ойнаған президенттер – Владимир Путин мен Александр Лукашенко. Сочи қаласы, Ресей Федерациясы. 2020 жыл

САЯСАТ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН СПОРТ

БЕЛАРУСЬ БИЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН ҚАЛАЙ КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛДЫ?

Спорт – денсаулық кепілі ғана емес, елдер арасындағы қарым-қатынас пен байланыстың көрсеткіші, түрлі елдер достығын нығайтушы құрал. Сөзімізге дәлелді Ежелгі Грекиядан бастау алған Олимпиада ойындарының тұрақты түрде өткізілуімен келтірсек болады. Тіпті, өткен заманда Олимпиада кезінде соғыстар тоқтатылып, қасиетті тыныштық орнайтын дәстүр болған. Төрт жылда бір келетін ең ірі халықаралық дода нышанында бес түсті сақинаның бейнеленуі де тегіннен тегін емес. Бес түрлі сақина бес құрлықтың (Еуропа, Азия, Африка, Америка, Океания) белгісі ретінде беріліп, олардың түрлі-түсті болуы әлем елдерінен хабар береді. Тудағы шеңберлердің бір-бірімен байланысып жатуы спорттық ойындардың тек жарыс емес, ынтымақтастықтың көзі екендігін білдіреді. Дегенмен, әлемдік арена «алыптары» спортты саясатпен шебер ұштастырып, дүбірлі додаларда да өз үстемдігін көрсетуге тырысатындығы жасырын емес.

Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ,
саяси шолушы

САЙЫСТА – ТАРТЫС, САЯСАТТА – ТАЙТАЛАС

Олимпиадалық ойындар ықылым заманнан бейбітшілік символы ретінде танылғанымен, уақыт өте спорт додасының саясилену деңгейі жоғарылады. Спорт ойындарының дамуы мен өркен жаюы, өз кезегінде, саясатты да салмақтай түсті. Кейінгі кезде қатар қолданылып жүрген қос ұғым туралы сөз қозғағанда, «бойкот» ұғымын жиі кездестіреміз. Бойкот деген не өзі? «Өзінің экономикалық немесе саяси талаптарын орындату мақсатында жеке адаммен, ұйыммен, мемлекетпен толық немесе ішінара қатынасты тоқтату, сол мақсатта белгілі бір міндеттерді орындаудан бас тарту» деп тізеді сөздіктегі түсіндірмесі. Бойкот жариялау спорттық сайыстарға да салқыннын тигізіп отырған. Олимпиада ойындарынан бұндай бас тартуды БҰҰ, ХОК сияқты халықаралық ұйымдар, спортшылар тобы немесе өзге елдер жүзеге асыра алады.

Айтулы шаралар қанша жерден дос-тық пен бейбітшілікті насихаттайды десек те, олимпизм қозғалысының көш басында тұрған француз Пьер де Кубертенге еліктеп «спорт – саясаттан тыс» болуы керек десек те, спорт саясаттан бөлек кеткен емес. «Дайрабайдың көк сиырынан» басталған дау бойкот жариялауға апармаса да, дүбірлі додада ойындағы тарыспен қатар елдер арасындағы тайталас көрініс беріп тұрады. 1908 жылы Лондон Олимпиадасында Ресей қарамағындағы финдердің төл туын алаңға алып шыға алмауынан айтарлықтай дау туындаса, 1936 жылы Германияда өткен ойындар – ең көп шу шыққан доданың бірі ретінде тарихта қалған.

1980 жылы АҚШ бастап, Батыстың бірнеше елі қостап Мәскеу Олимпиадасына бойкот жариялаған. Төрт жылдық дайындығының нәтижесін көрсетіп, сыналар тұсында мұндай тарихи сәттен айыру спорт үшін де, спортшы үшін де оңайға соқпаса анық. КСРО астанасында өтуі тиісті айтулы шараға АҚШ, Ұлыбритания мен Канада қатысудан бас тартқан. КСРО әскерлерінің Ауғанстан жеріне енгізілуі – мәселенің басты себебі. Үш алып мемлекеттің бастамасына әлемнің 65 елі үн қосып, Мәскеу Олимпиадасында Еуропа елдерінен Австрия, Грекия, Мальта, Финляндия және Швеция спортшылары ғана төбе көрсеткен. Ұлыбритания шешім шығаруды спортшылардың еркіне салғанын ескерсек, британдық 170 спортшы бәсекеде бақ сынаған. Айтулы жобаларда даңқты спортшыларымен көш бастап келген Түркия, Оңтүстік Корея, Жапония сияқты мемлекеттер Мәскеу Олимпиадасына қатыспаған. Аталған ойын алауы тұтануға үш күн қалғанда АҚШ-тың Филадельфия штатында «Бойкот жасалған Олимпиада ойындары» атты халықара-

лық жарыс өткізіліп, оған дүбірлі додадан шет қалған 29 елдің дүлдүлдері бақ сынаған.

Есесіне, төрт жылдан кейінгі келесі Олимпиадада кеңестік блок «бойкот» деп, Лос-Анджелестегі ойындарға қатыспау туралы шешім шығарған. Басты себеп спортшыларға қауіпсіздік кепілдігін берілмеуі делінгенмен, 1984 жылы Варшава келісімшартына қол қойған мемлекеттердің АҚШ-та өткен Олимпиададан бас тартуының астарынан «қайтарылған кектің» көлеңкесі көрініс береді.

ЛУКАШЕНКОҒА КЕЛГЕНДЕ САЯСАТ СПОРТТЫ ЖЕҢДІ

XX ғасырдағыдай алыптар арасындағы «қарусыз майдан» жаңа ғасырға аяқ баса бере тағы қайталанды. ҚХР билігіне наразы саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері 2008 жылға жоспарланған Бейжің Олимпиадасы қарсаңында қыр көрсетіп, шараның кейінге қалдырылуын немесе бойкот жариялануын талап еткен. Дәл осындай жағдай 2014 жылы Сочиде өткен қысқы Олимпиада ойындары таяғанда орын алған. Ал, 2012 жылы Беларусь Президенті Александр Лукашенко екі жыл бұрынғы сайлаудағы азаматтық қоғам мен демократиялық оппозицияға қарсылығы үшін Лондонда өткен Жазғы Олимпиада ойындарының ашылуына қатыспаса, Аргентина Президенті мемлекетаралық мәселелерді меңзеп айтулы шарада төбе көрсетпеген.

Кейбір ықпалды елдер спортқа өз әмірін жүргізе бастады. Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік 2016 жылы Бразилияда өткен Олимпиада қарсаңында баяғыны қозғап, мықты спортшылардың додада бақ сынауына кедергі келтірді. 2012 жылғы Лондон Олимпиадасын ойдан сыза тұрғанда, болары болып, бояуы сиіңіп кеткен Бейжіңдегі бәсекеде допинг қолданды деп айыптап, кей елдердің спортшыларына алаңда бой көрсетуге тыйым салды. Ресейге қатысты қозғалған допинг дауы да спорт пен саясаттың арасын салмақтап берген сыңайлы.

Сайыс пен саясат бүгінгі күні де егіз ұғымдай бір-біріне ықпал етуде. Маңыздылығы бойынша Олимпиада ойындарынан кейін екінші орындағы халықаралық жарыс – әлем чемпионаты екі жылда не жылына бір рет өткізіліп тұрады. Сайыс өткізу мәртебесіне ие болған ел бірнеше жыл бұрын анықталып, дайындық жүргізеді. 2017 жылы Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының конгресінде осындай кезекті турнирді Латвия мен Беларусьте өткізу құқығын беру туралы шешім шешімге ешкім қарсылық көрсете қоймаған. Бірақ, 1994 жылдан бері Лукашенко басқаратын елдегі президент сайлауынан кейін басталған наразылықтар елдің ішкі жағдайына ғана емес, сыртқы саясатына да салқынын тигізді.

Хоккейден әлем чемпионаты биылғы жылдың 21 мамыр мен 6 маусым аралығында Минск пен Латвия астанасы Ригада өтуі тиісті еді. Дегенмен, Президент билігіне қарсы наразылық тоқтамай, Беларусь «басымен қайғы» болып жатқандықтан, Халықаралық хоккей федерациясы (IIHF) чемпионаты Минскіде өткізбеу мәселесін қарастыра бастаған.

IIHF басшысы Рене Фазель: «Біз саяси қысымға тап болдық, бұл Минскіде 2021 жылғы шайбалы хоккейден әлем чемпионатын өткізуге кедергі келтіруі мүмкін», – деп мәлімдеме жасаған болатын. Содан биылғы ерлер арасындағы сайыс «қауіпсіздік мәселелері туындағандықтан» аталған елде өткізілмейтін болды. Бұл шешімді 18 қаңтарда ресми орган жария етті.

«Мәселенің бұлай болғаны өкінішті. Біз Беларусьтегі қоғамдық-саяси мәселелерді дұрыс жаққа қарай шешуге тырыстық. IIHF кеңесі спорттық сайыстың салмағын саясатпен өлшеу дұрыс емес деп тапты. Дегенмен, ел күрмеуі қиын мәселе үстінде тұрғандықтан, аталған шараны мұнда өткізу орынсыз болады», – деп түсіндірді Рене Фазель.

Десек те, келтірілген деректерге әркім әртүрлі көзқарас танытып жатты. Көрсетілген басты себеппен қоса, халықаралық федерация елдегі коронавирусты бақылауда ұстау мәселесіне де күмән келтірген. Жоспар жоққа шыққандықтан, ұйымдастырушыларға белгілі мөлшерде өтемақы төленетін болады. Келтірілген шығынды түгелімен IIHF өз мойнына алады. Ал, чемпионат тек Латвияда өте ме, әлде Беларусьтің орнын басқа елмен алмастыра ма, бұл жағы әзірге белгісіз. Федерациялық кеңестің мүшесі Петр Бржизаның баяндауынша, қазіргі уақытта чемпионатты өткізу туралы Дания, Словакия, Литва секілді елдермен келісім жүргізіліп жатыр.

БОЙКОТҚА БОЙ БЕРМЕГЕН БЕЙЖІҢ

Халықаралық спорт жарысында саяси ахуал жарыса жүргізілген жағдайлар жиі кездеседі. Олардың бірінде мәселе бойкот жариялауға дейін барса, кей кезде бұндай бүлік көпшілік көзінен таса қалып жатады. 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасына аздаған уақыт қалғанда Ақ үй «бойкот жариялау керек» деп дабыл қаққанымен, аспан асты елі Олимпиаданы ойдағыдай өткізіп шықты.

2014 жылғы Сочи Олимпиадасы да бір «бәледен» аман қалғаны бар. АҚШ сенаторы Линдси Грэм сол жылғы қысқы ойындарға «АҚШ ұлттық қауіпсіздік агенттігінің бұрынғы қызметкері Эдвард Сноуденнің іс-әрекеттері үшін» кесірін тигізе жаздаған. «Сноуден Мәскеуге қашты, ал Путин барлығын біліп отыр» деп болжаған Линдси Грэм «Сочиде жалауын желбірететін Олимпиадаға бойкот жариялау керек» деп дүрліккен.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Кубертеннің олимпизм идеясы – ұлттар мен нәсілдер арасындағы, сондай-ақ халықаралық қайшылықтарды қалыпқа келтіруге, жаһандық спорт қозғалысын жолға салуға негізделген гуманистік идея болатын. Ал, көне дәуірдің өзінде Олимпия ойындары кезінде соғыс тоқтатылып, шараға қару әкелуге тыйым салынғанын еске алсақ, кейінгі жағдай кері сипат алып, спорттың саясат жүгін арқалап кетуі көңілді қынжылтпай қоймайды. Саяси тектірес, өз кезегінде, талай спортшының тағдырын тәлкек етіп, спорттың ішкі этикасы мен эстетикалық мәнін төмендетуге ықпал етері сөзсіз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) COVID-19 індетіне байланысты пандемия (жаңа ауру түрінің жаһандық ауқымда таралуы) жариялағанына бір жылға аяқ басты. Ал, пандемия кезінде көрінбейтін жаумен күрескендердің алғы шебінде медицина қызметкерлерімен қатар тіршілікке тыныс сыйлаған жандар да жүрді. Олар – медициналық және техникалық газдар шығаратын «AirGaz» зауытының қызметкерлері. Бүгін осы жандар туралы сөз қозғамақпыз.

АУЫРҒАНДАРҒА АУА СЫЙЛАҒАНДАР



Жансая ШЫҒЫСХАН,
саяси шолушы

ОТТЕГІНІҢ ОТАНЫ

Өткен жылы «қытымыр қыстан шығып, көктемге іліндік-ау» деген шақта тосыннан келген кесел адамзатты алқымнан алды. Жаһанды жайлап, төрткүл дүниенің төріне шыққан тәжтажал тіршілік иелерінің тынысын тарылтты. Бұл дерт бір уыс қазаққа да қырғидай тиді. Жолындағының бәрін жас, кәрі демей құтты бір ата жауындай жалмады. Дәрігерлер дерттің дауасын таппай жанталасты. Көп адам әшейінде қадірін білмейтін бір жұтым ауаға зар болды. Сол кезде Шымкентте «Оңтүстік» индустриалды аймағында жаңадан іске қосылған «AirGaz» криогенді зауытының қызметкерлері көмекке келді.

Жаңа үлгідегі зауыт 2018-2019 жылдары соғылып, 2020 жылы лицензиясын алып іске қосылған. Наурыз айында жергілікті ауруханалармен тығыз байланыс орнатады. Ал, сәуір айында пандемияның өршіп тұрған шағында дәрігерлермен бірге әр адамның өмірін сақтап қалу үшін күреседі. Зауыт екі айдың ішінде бір жылдық жұмыс көлемін орындайды.



■ «AirGaz» зауытының директоры – Асқар Батырханов

Адами ресурс пен жұмыс күштерінің жетіспеушілігіне, жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің тозуына қарамастан, пандемия басталғаннан бері криогенді зауыт Шымкент қаласы мен Түркістан, Қызылорда облыстарының ауруханаларын медициналық оттегімен үздіксіз және тәулік бойы қамтамасыз еткен.

ҚИНАЛҒАНҒА ҚАРАСҚАНДАР

Иә, қысылтаяң шақта кімнің кім екені білінеді. Асылында, халқымыз асыл азаматтарға кенде емес. Әсіресе, ел тағдыры ер қолына түскен сәтте намысын жігеріне жанып, арыстандай арқаланып шығатын азаматтар бар. Игі істің басы-қасында жүретін «AirGaz» зауытының директоры Асқар Батырханов ауруханаларда жатқан науқастарды оттегімен үздіксіз қамтамасыз ету басты мақсаттары болғандығын айтады.

Адам жанының арашашысына айналған дәрігер әкесі Тілеулес Тілеулынан алған тәрбиесі болар, Асқар Батырханов елдегі қиын жағдайда басшы ретіндегі күнделікті жұмысын атқарып қана қойған жоқ. Қарамағындағы қызметкерлеріне қолдау білдіріп, солармен қосылып қиналғандарға қол ұшын созды. Тынысы тарылғандарға тынымсыз оттегі тасымалдады.

«AirGaz» зауыттың жұмысшылары жұмыла іске кірісіп, өз денсаулықтарын қатерге тіге жүріп, өзгелердің өмірін

сақтап қалу жолында жандарын салды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Аш-жалаңаш жүрді. Айлап жақындарының жүзін көрмеді. Сонда да сәулелі күннен үміт үзбей үздіксіз жұмыс істеді.

«Пандемияның өршіп тұрған кезінде зауытта қона-жастана жұмыс істедік. Бухгалтер мен зертханашы кісілер де қонып істеді. Өз жұмыстарымен қатар бізге тамақ дайындап, баллондар тасысып көмектесті. Өйткені, көп жастар шыдамай жұмысты тастап кетіп қалды. Оттегі бар, алайда оны құятын баллондар жетпей жатты. Шопырларымыз ауруханалардағы босаған баллондарды алып келу үшін сол жерде қалып күтетін. Босаған баллондарды толтырып алып тағы да ауруханаларды бетке алатын. Сондай күндер де өтті», – дейді зауыт басшысы.

Күрделі кезеңде «сенің жұмысың, менің жұмысым» деп санаспаған бұл зауыттың қызметкерлері. Керісінше, әр демі үшін күресіп жатқан науқастарға қажетті оттегіні жеткізсек деп шыр-пыр болған.

«Бізге қауіпті өндіріс болған соң, екі жақта қақпа қойылған. Сол екі қақпада қара құрым халық тұрды. Бәрінің айта-тыны – «оттегі толтырып берсеңдер, ауруханада ет жақындарым жатыр» дейтін. Тіпті, қақпадан секіріп өтіп жатқандар да кездесті. Сондай адамдарды сабырға шақырып, бәрін тәртіп бойынша реттеген күзетшілер. Сол кісілер қиналған халыққа жылы сөйлеп, ашынып тұрған жандарды сабырға шақыра білді. Өйткені, сол кездері кезекте адамдар мен көліктер емес, баллондар тұратын», – дейді Асқар Батырханов.

Зауыт қауіпті кәсіпорындар қатарына жататындықтан, мұндағы жұмысшыларға қауіпсіздік ережесін білу міндетті. Оған қоса, жұмыс та ауыр. Әр баллон 85-90 келі тартады. Ал, оны көтеретін жұмысшылардың өз денсаулықтарына қаншалықты зиян екені айтпаса да түсінікті.

«Қазір осында жүрген қызметкерлердің барлығын да мен батыр деп айта аламын. Олар ештеңеге қарамай, өз денсаулықтары мен бастарын бәйгеге тігіп, жұмыс істеді. Олар да шаршап, титықтап кетеді. Мен де ел пен сүйектен жаралған адаммын. Бірақ, басшы ретінде қарамағымдағыларға үнемі қолдау көрсетуім керек. «Сендер майданның алдыңғы шебіндесіңдер. Көрінбейтін жаумен күресіп жатырсыңдар» деп дем-еу білдірдім», – деп еске алды сол күндерді Асқар Тілеулесұлы.

Сол кездерде әлеуметтік желілер арқылы хабарландыру оқыған еріктер көмекке келген. Әркім қал-қадірінше көмек берген. Ауыр баллондарды көтеруге шамасы жетпейтін қыздар зауыт жұмысшыларына ыстық тамақ тасумен айналысқан.

«Көмектессек деген еріктілердің қарасы мол болды. Бәрімізді бір арман біріктірді, ол – өзі аз ғана халқымызды көрінбейтін кеселден арашалап қалу. Осы жолда аянбай еңбек еттік. Құдайға шүкір, қиын күндер артта қалды. Пандемия кезінде қона-жастана жұмыс істеді. Күйі талған жоқпыз. Бәріміз бір үйдің балаларындай тек бір мақсатты көздедік. Ауа жетпеген науқас жандарға дер кезінде оттегі жеткізіп тұруға бар күшімізді салдық. Бір адамның өмірін сақтап қалудан асқан бақыт бар ма?!» – дейді Асқар Тілеулесұлы.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Тынысты тарылып, өкпені өшіретін бұл тәжтажалмен тайталасып келе жатқанымызға да жылға жуықтады. Жер бетін жаулаған көрінбейтін жау барша жанға «Өмір дегеннің – бір күндік сәуле екендігін» ұқтырғандай...

01-беттен

Бізміз жүріп өткен 30 жылдық тарихымызға шолу жасап қарайтын болсақ, тәуелсіздік жылдары Отанымыздың тарихи жаңа көзқараспен, ұлттық мүддемізге сай жазылып, едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінгі Қазақстан тарихи пәні қазақстандық патриотизм мен интеллектуалдық ұлт қалыптастыру алғышарттарына айналғанымен қоса, орта мектеп пен жоғары білім жүйесінде жас ұрпақты отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуші басты пәндер қатарында тұр.

Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық тарих туралы сөз еткенде, мәселенің тағы бір екінің қырын ұмытпауға тиіспіз. Тарих ол – халықтың жады. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына отыз жыл толса да, біз әлі рухани отарсыздану ісін аяқтағанымыз жоқ. Рухани азат, тәуелсіз елдің нағыз отаншылдарын тәрбиелемей, тәуелсіздігіміз баянды болады деп айту қиын. Бұл жолдағы біздің ақылшымыз да, жол көрсетуші көмекшіміз де – отанымыздың тарихы. Кезінде отарлаушылардың халқымыздың тілі мен тарихын барынша өшіруге кіріскенін қалай ұмытамыз.

Қазіргі аласапыран уақытқа сай Мемлекет басшысы өз еңбегінде «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс» деп орынды атап өткендей, қазақстандық тарих ғылымына сапалы секіріс жасау, халқымыздың ұлттық тарихын зерттеудің көкжиегін кеңейту, ұлттық тарихи санасын жаңғырту, ұлттық жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру жұмыстарын іске асыруды бізден талап етіп отыр. Өйткені, біз алға қадам басқан сайын әлемдік геосаясат өзгеруде, сондай-ақ тарихи оқиғаларға өздерінше жаңаша баға беру, бұрмалау, өз пайдасына қарай бұра тартып пайдалану әрекеттері өршіп барады. «Мылтықсыз майдан» жүріп жатқан осындай алмағайып кезеңде халқымыздың тарихын сыртқы және ішкі күштер тарапынан бұрмалау істеріне барынша тойтарыс беріп, жан-жақты түсіндіру, зерттеу жұмыстары пәрменді түрде атқарылуы тиісті.

Тарихи тақырыптарға арналып, сәтті түсірілген фильмдердің жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше екендігіне мән берген Мемлекет басшысы отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыспен тарихи фильмдерді түсіруге басымдық беруге тапсырма берді. Бұны халықтың тарихи санасын жаңғыртуға арналған үлкен қадам деп айтуымызға болады. Өйткені, тарихи фильмдердің берер әсері мен тәрбиелік мәні зор. Кезінде қытайлар түсірген 29 сериялы «Шыңғыс хан», түріктердің «Ер Тұғырыл» фильмдерінің халқымыздың санасына едәуір әсер еткенінің куәсі болғанбыз. Осы фильмдерді көрген көрермендеріміз көпке дейін тамсанып, таңданып әңгіме етіп жүрген еді ғой.

Халқымыздың тарихындағы «ақтаңдақтарды» одан әрі зерделеу мәселесін көтерген Мемлекет басшысы Алаш қайраткерлерінің тағылымдық істерін одан әрі дәріптеу, мұраларын игеру жұмыстарының жалғасын табуы тиіс екенін атап көрсетумен бірге, елімізде орын алған 1921-1922 жылдардағы аштық қасіретіне байланысты: «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді», – деген болатын.

Мемлекет басшысы өте орынды атап көрсетіп отырғандай, XX ғасырдың бас кезінен дейін Ресей империясының құрамындағы бүкіл Азия халықтарының ішінде сандық көрсеткіш бойынша көш басында Қазақ халқы тұрды. Орталық Азия халықтарының сандық құрамын зерттеген статист-ғалым Н.В.Турчанинов былай деп жазған болатын: «Наиболее видный, обособленной и самой многочисленной количественно группой среди инородцев тюрко-татар является киргизы, которые распространены на широком пространстве от реки Урала вплоть до западной границы Енисейской губернии и от Сибирской железнодорожной магистрали на юге до границы России с Китаем и Персией. Всего киргиз к 1911 году насчитывалось с выше 4,6 миллиону душ обоего пола (4 692 000 чел.)» (Турчанинов Н.В. Население Азиатской России. Азиатская Россия. С. Петербург. 1914. т.1. с. 71). Ресей империясы жүргізген халық санақтары бүкіл халқымызды түгел қамтыды деп айтуға әсте де болмас. Ресей империясының алғашқы халық санақтарына көптеген аймақтардағы тұрғындар кірмей қалды. Егерде ресми мәлімет бойынша 1911 жылдары қазақ халқының саны 4 миллион 692 мың адам деп есепке алсақ, онда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әлхамдууилла аз емеспіз, алты миллион Алаш бармыз» деген сөзі біршама шындыққа жақын.

Қазақ халқының басына төнген демографиялық нәубет кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында орын алды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі арадағы аштықты жылдың ішінде халқымыз зұлмат аштықты басынан үш рет өткізді. Алғашқысы үш жылға созылған азамат соғысы жылдары болды.

Халқымыздың даңқты перзенті Мұстафа Шоқай «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбегінде «1918-1919 жылдары Түркістан өлкесінің халқы аштықтан 1 миллион 114 мың адамнан айырылды» деген мәлімет келтіреді.

Қазақ халқының зұлмат аштыққа ұшырауының екінші кезеңі 1921-1922 жылдарға сәйкес келеді. 1921-1922 жылғы қарсыз әрі ұзаққа созылған қыстан кейін қуаңшыл жаз келді. Бұл қуаңшылықпен қоса ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі азамат соғысы жылдарында кеңес өкіметі жүзеге асырған «соғыс коммунизм» саясатының ауыл шаруашылығына аса ауыр соққы болып тигенін және ашаршылықтың кең өркендеуіне себепші болғанын айтуымыз керек. 1920 жылы Қазақстан шаруаларынан 44 млн пұт астық, 5 млн пұт ет, 333 мың пұт май және басқа да көптеген

тынын қадап айтқан Мемлекет басшысы бүгінгі тәуелсіз еліміздің мемлекеттік шекарасының халықаралық нормаларға сай шегенделіп танылғанын, аумақтық тұтастығымызға күмән келтірушілерге бағыт тойтарыс беру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Жалпы, Мемлекет басшысы атап көрсетіп отырғандай, тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде солтүстік көршіміздегі «мысықтілеулер» әлеуметтік желілер, радио, теледидар арқылы «Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыс – орыс жері», «Орал өңірі казак-орыстың жері», «1920 жылы Қазақ автономиясы құрылғанда «жасанды» түрде Қазақстанға қосып жіберілген, Ресейге қайтарылуы керек» деген сияқты жалған арандатуларымен екі елдің арасындағы саяси жағдайды ушықтыруға тырысуын қоймай келеді. Бұл арандатушылық кейінгі кезде тіпті өршіп кетті. Міне, сондықтан да: «Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін

ден бар болғаны бір миллионға жуық қандасымыз келген екен. Отыз жылда бір миллионға жуық қандасымыз келген болса, осындай қарқынмен қалған бес миллион қандасымызды әкелуге қанша жыл керек екенін есептей беріңіз.

Тәуелсіздік, ұлттық мүдде, ұлттық тарих туралы сөз еткенде бұның барлығының негізгі темір қазығы тілге барып тірелеміз. Республикамызда 1989 жылы және 1997 жылы тіл туралы екі заң қабылданған екен. Бұл заңдарда «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқын жазылған. Отыз жылдың аясында республикамызда тұрып жатқан барлық халықтардың мемлекеттік тілді және өз тілдерін оқып-үйренуіне барлық жағдай жасалды. Жеткілікті уақыт берілді. Мемлекеттік тілді оқып үйренуге арналған

ОТАНҒА СҮЙІСПЕНШІЛІК ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

(ПРЕЗИДЕНТТІҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ» МАҚАЛАСЫН ОҚЫҒАННАН КЕЙІНГІ ОЙ)

ауыл шаруашылық өнімдері жиналып, Ресейдің орталық аудандарына жіберілген (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы, 2006. 14 б.).

Міне, осындай жағдайлардан кейін 1921 жылдың жүзіне қарай Қазақ АКСР жеті губерниясының бесеуі – Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Бекей губернияларының тұрғындары аштыққа ұшырады. Әсіресе, жас балалардың жағдайы өте ауыр болды. 1921 жылы бүкіл Қазақ АКСР бойынша 128 мың бала ата-анасынан айырылып, балалар үйіне орналастырылса, олардың саны 1922 жылдың наурызына дейін 480 мыңға жеткен. Емханалар мен балалар қабылдайтын орындарындағы балалардың көп болуына байланысты оларды басқа республикаларға, шет мемлекеттерге жіберген. Мәселен, Ресей Федерациясының әртүрлі губернияларына 18 496 бала жіберілсе, Түркістан АКСР-не, Польшаға, Литваға 1921 жылдың бірінші қаңтарына дейін 51 352 бала жіберілген (Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. Қор-139, т.1., іс-336 п.19). 1921-1922 жылдардағы аштық кезеңіндегі осы балалардың кейінгі тағдыры және аштыққа ұшырап қайтыс болған халықтың саны арнайы тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Мемлекет басшысы мақаласында тәуелсіздік жолындағы қадамымыздың қарлығы болған Желтоқсан көтерілісінің маңызына да тоқталып, 35 жылдыңын атап өткелі отырған осы көтеріліске: «Азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деумен алдағы уақытта бұл көтерілістің жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеу ісіндегі зор мәнге ие болатынына тоқталып өтті. Сонымен қатар, Желтоқсан көтерілісі деген зерттеуді қажет ететіндігін айта кетейік. Бізге әлі күнге дейін көтеріліс кезінде қанша қазақ жастарының қайтыс болғаны белгісіз болып келеді. Осы көтерілістің 35 жылдығына орай арнайы комиссия құрылып, тыңғылықты зерттеу жүргізілсе деіміз. Тарихшы маман ретінде және көтеріліске қатысқан мыңдаған қазақ жастарының бірі ретінде комиссия жұмысына қолымыздан келгенше көмегімізді жасар едік.

Тәуелсіз Қазақстанның шынайы, толыққанды, ұлттық мүддемізге сай көп томдық тарихының осы уақытқа дейін жазылмағандығына назарымызды аударған Мемлекет басшысы бұл істің стратегиялық маңызын атап көрсетіп: «Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек», – деді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тарихшы мамандарға үлкен міндет жүктеліп отыр. Қасиетті тарихымыздың тамыры көне Сақ, Ғұндардан бастау ала-

тағы да баса айтқым келеді» деген Мемлекет басшысының сөзімен қанаттанған еліміздің әрбір азаматы қандай формада болсын сырттан және іштен төнген қауіп-қатерлерге дайын болуы қажет деп есептейміз. Ата-бабамыз «Жау жоқ деме, жар астында» деп жайдан-жай айтпаса керек. Бұл жерде біз жоқ жерден жау іздеп отырғанымыз жоқ. Қауіп еткеннен айтып отырмыз. Әсіресе, бұл саладағы негізгі жұмыс ұлттық қорғаныс күші армияға, ұлттық қауіпсіздік комитетіне және еліміздің басқа да күштік құрылымдарына ерекше міндет жүктеледі.

Мемлекет басшысы барша қазақстандықтарды алаңдатып отырған жер мәселесін де шет қалдырмады. Келесі жылы жерді сатуды тоқтата тұруға байланысты мораторийдің аяқталатыны белгілі.

«Жерге байланысты бірауыз айқын білетін және бұлжылмайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды» деген Мемлекет басшысы алдағы уақытта жерді халық игілігіне тиімді пайдалану жөнінде жер комиссиясын құрып, осы комиссия жұмысының аясында бір шешімге келуді ұсынды.

«Жер шетелдіктерге сатылмайды» деген Мемлекет басшысының ойын бүкіл халық қолдап отыр. Жер шетелдіктерге сатылмауы және жалға да берілмеуі тиіс. Қазіргі уақытта бос жатқан жерлерді шетелдіктерге жалға беріп пайдалану идеясын тықпалап жүргендер жетерлік. Заңды қанша қатайтсаң да, шетелдіктердің жалға алған жерлерімізді мемлекетке қайтарғанын көрген емеспіз. Неше түрлі құйтырқылықтар арқылы ол жерлерге «мығым» орнығып алған. Сондықтан басы ашық мәселе «Жер шетелдіктерге сатылмайды және жалға да берілмейді» деген өзгермес қағиданы жер кодексіне енгізу керек.

Халық саны, шекара маңындағы халық санының азаюы, оңтүстіктен солтүстік және шығыс аймақтарға қоныс аударуды іске асыру, кейінгі кезде азайып кеткен отандастарымызды өз Отанына қайтару мәселелерінің стратегиялық маңызы бар екеніне Мемлекет басшысы ерекше тоқталып өтті. Қазақстан халқының демографиялық саясатын стратегиялық мәселе ретінде қарастырып, дереу арада кешенді іс-шараларды жүзеге асыратын кез келді. Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты жөнінде арнайы заң қабылданса орынды болар еді. Қазақстан халқының демографиялық өсімін арттыру саласында халықтың ішкі өсіміне иек артып жата беру алтын уақытты өткізумен бірдей. Демографиялық мәселеде біздің негізгі сүйенісіміз – шет мемлекеттердегі бес миллионға жуық қандасымыз болып отыр. Соңғы отыз жыл мерзім ішінде шет мемлекеттер-

әдістемелік құралдар шығарылды. Қазақстандық патриотизмнің негізі қазақ тілін оқып-үйренуде жатыр деп ұрандатып та көрдік. Бірақ, мемлекеттік тілдің өз деңгейінде мемлекеттік тіл ретін атқарып отырмағаны ешкімге жасырын емес. Ендігі мәселе, қашанға дейін мемлекеттік тілді білуге үндеу тастап, парыз деумен жүреміз. 30 жыл болды емес пе осылай деп келе жатқанымызға деген сұрақты көлденеңнен қоятын уақыт болды. Осы уақытқа дейін қолданыста (тіл жөніндегі бұрынғы және кейінгі) келе жатқан шалағай заңдарымыздың өзі мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге тұсау болып келе жатқанын ашық мойындауға тиіспіз! Ең өкініштісі, тәуелсіз еліміздің отыз жылдық тарихында өз тілін білмейтін, білгісі де келмейтін мәңгірт жастардың өсіп шыққандығына не деуге және кімді кінәлауға болады?!

Тіліміздің мәселесінде біздің алдымызда екі жол тұр. Біріншісі, мемлекеттік тілдің өркендеуін қамтамасыз ету үшін оның мемлекеттік статусына басымдық беріп, қоғамдағы рөл айқындалып, республиканың барша халқы білуге тиісті міндетті тілге айналуы. Екінші жолы, осы қазіргі таңдағы өлместің күйін кешкен, өгіз аяңға көну, мойынсыну. Бірақ, бұл жолдың барар бағыты, жетер жері қараңғы тұңғыш секілді көрінбейді. Осы орайда Мемлекет басшысының өз мақаласындағы: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады» деген бастамасы мемлекеттік тіл жөніндегі мемлекеттік саясатта тың шешімдер мен қадамдар жүргізуге серпін беріп отыр.

Қазақстанның барлық азаматтарын топтастырудың, қазақстандық патриотизмнің негізгі факторы болып табылатын мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдайтын уақыт келді. Бұл жаңа заң дайын деп айтсақ та болады. 2011 жылы қараша айында республикалық «Жас Алаш» газетінде бір топ тіл жанашырлары даярлаған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» заңының жобасы жарияланған болатын. Мемлекеттік тілдің статусы ап-айқын жазылған осы заңды басшылыққа алып, оның шынайы дәрежесін көтеретін, қолданыс аясын кеңейтетін, Қазақстанның әрбір азаматын мемлекеттік тілді білуге міндеттейтін уақыт болғанын баса айтамыз!

Мемлекет басшысы еліміздің болашағы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде стратегиялық мәні бар бірнеше ауқымды істерді атқару мәселесін алдымызға қойды. Одан туындайтын басты қағидаға «Дендеп енген сыбайлас жемқорлықтан қалай арыламыз? Рулық деңгейден ұлттық деңгейге қалай көтерілеміз? Халқымыздың сана-сезімін қалай көтеруге болады? Нағыз отаншыл ел азаматтарын қалай тәрбиелеп, қалай қалыптастырамыз?» де-



ген секілді қадау-қадау міндеттерді жатқузымызға болады.

Қоғамымызда күшейіп бара жатқан тағы бір келеңсіз құбылыстардың бірі – тек қана өзінің жайын күйттеп, өзі үшін ғана жұмыс жасайтын «бейсауыт» адамдар шоғырының қалыптасуы. Бұндай адамдардың қоғам үшін қандай қауіпті екенін мына бір мысалдан көруімізге болады.

1917 жылы Англияның Иракқа басып кірген әскерінің қолбасшысы Стэнли Муд қойын жайып жүрген бақташыға кездесіп, аудармашысы арқылы өзінің иттерінің бірін өлтірсе, оған бір фунт беретінін айтады. Бақташының иттері иесіне адал, қойды бағуға көмектесіп жүрген және қасқырлардан қорғайтын, төнген қауіпті сездіретін сенімді серіктері екен. Бірақ, генерал ұсынып отырған ақшаға бағып жүрген отарының жартысын сатып алуға мүмкіндігі бар еді. Бақташы өзінің бір қойын сойып, генералдың аяғының астына тастап, мәселені шешкісі келді. Генерал одан бас тартып, иттерінің біреуін өлтіруді бұйырады. Бақташы ұзақ ойланып жатпастан солай істеді. Иттің терісін сыпырсаң, тағы бір фунт беремін деп уәде етті генерал. Бақташы қолына ақшаны алып, генерал айтқандай істеді. Мұнан соң генерал Муд бақташы иттің етін бөлшектеп тастаса, тағы бір фунт беруге уәде етті. Бақташы иттің етін бөлшектеп тастағаннан кейін генерал ақшаны беріп, бұрылып кетіп бара жатқанда бақташы: «Егерде тағы бір фунт беретін болсаң, мен иттің етін жеуге дайынмын», – дейді. Бұған мысықылдап күлген генерал былай дейді: «Мен жай ғана сенің табиғи болмысыңды білейін деп едім. Мен сенің өзіңнің тілегіңнің құлы екеніңді түсіндім. Сен бар болғаны үш фунт үшін өзіңнің жақын досыңды өлтірдің, оның терісін сыпырып, бөлшектеп тастадың және төртінші фунт үшін оны жеуге де дайынсың. Сен туралы менің бар білігім келгені осы еді». Осыдан кейін генерал өзінің жауынгерлеріне бұрылып былай депті: «Қазіргі уақытта мынадай адамдар көп болған бұл елде сендер ешнәрсені ұайымдамасандар болады». (Оқиға философия докторы Али Вердидің «Ирак тарихының әлеуметтік кезеңдері» атты еңбегінде баяндалған).

Бұл оқиға қоғамдағы осындай адамдардың өздерінің жеке мүддесі, тілегіне жетуі жолында ештеңеден тайынбай, кез келген дұшпанға қызмет етіп, өз елін ыдыратып, біреудің отарына айналдыруға дайын екендіктерін көрсетеді және бізді осындай қарақан бастың, тойынған қарының қамын ғана ойлайтын көрсоқырлардан сақ болуға үйретеді.

Өз мемлекетінің болашағы алдындағы терең жауапкершілікті сезінген ұрпақты ғана болашақтан зор үміт күтуге қақысы бар!

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

№	латынша	кирилше	әріптің атауы	№	латынша	кирилше	әріптің атауы
1	A a	А а	а	18	O o	О о	о
2	Ä ä	Ә ә	ә	19	Ö ö	Ө ө	ө
3	B b	Б б	бы	20	P p	П п	пы
4	D d	Д д	ды	21	Q q	Қ қ	қы
5	E e	Е е	е	22	R r	Р р	ыр
6	F f	Ф ф	фы	23	S s	С с	сы
7	G g	Г г	гі	24	Ş ş	Ш ш	шы
8	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы	25	T t	Т т	ты
9	H h	Х х, Н н	һы	26	U u	У у	ұу
10	I i	Й й, И и	ий	27	Ū ū	Ұ ұ	ұ
11	J j	І і	і	28	Û ü	Ү ү	ү
12	J j	Ж ж	жы	29	V v	В в	вы
13	K k	К к	кі	30	Y y	Ы ы	ы
14	L l	Л л	лы	31	Z z	З з	зы
15	M m	М м	мы				
16	N n	Н н	ны				
17	Ŋ ŋ	Ң ң	ың				



АНАР ФАЗЫЛЖАН,
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ:

«ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ ҮЛКЕН БІР ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС РЕТІНДЕ ҚАРАҒАН ЖӨН»

Латын әліпбиіне көшу мәселесі саяси мінберден алғаш көтерілген 2007 жылдары жастық максимализм тұрғысынан ойлап, «бұл мәселені неге халықтың талқысына салады, мамандар шешуі керек емес пе» деп ойлайтынмын. Бірақ, тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасқан тілдік жағдайды, реформаға жүктеліп отырған тілтанымдықтан басқа да міндеттерді түсінгенде, бұл пікірдің қате екеніне көзім жете бастады. Өйткені, латын әліпбиіне көшу – тек жазуымызды жаңа әліпбиге ауыстыра салу емес. Бұл – біздің тілімізді реформалау, сол арқылы санамызды жаңғырту. Елбасы латын әліпбиіне көшу бастамасын алдымен «Рухани жаңғыру» мақаласында атағаны тегін емес. Егер оған жай реформа ретінде қараса, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының ішінде қарастыруға да болмас па еді?! Яғни, бұл реформадан, менің ойымша, тек тілдің сыртқы әсерді игеру тетіктерін жандандыру күтіліп отырған жоқ. Сонымен қатар, сол арқылы халықтың санасын өзгерту, ұлтты бір идеяның төңірегінде ұйыстыру көзделіп отыр деп бағалаймын. Қазақ тілін ана тілі санайтын кез келген азамат бұл үдеріске белсене араласуы тиісті. Бұл іске араласпаған күннің өзінде оған бейжай қарамауы керек. Сол себепті мектеп оқушысынан бастап зейнеттегі қарияларға дейін жаңа әліпбиіміздің өз нұсқасын ұсынып жатқаны бір жағынан қуантады. Бізде ұлт мәселесіне жанашырлықпен қарайтын қоғам қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, кейде осы жағдайды өз мүддесі үшін пайдаланып кететіндер жоқ емес. Президенттің «асықпай» деген сөзін «тоқтатайық» деп желеулетіп жүргендерді көрдік. Сондайлардан сақ болуымыз керек. Ал, латын әліпбиіне үлкен бір идеологиялық серпіліс ретінде қараған жөн. Екінші жағынан, жалпыхалықтық пікірге еріп, ғалымдарды тасада қалдыруға тағы болмайды. Мұндай тағдыршешті реформа барлық елде күнде бола беретін шаруа емес. Ондайды басын кешірген елдер аз-ақ. Түркітілдес Әзербайжан, Өзбекстан, Түркия елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, әліпби ауыстыру ісін жүзеге асырған реформаторлар мұны жай ғана тілдік реформа деп қарастырмаған. Мысалы, Түркияда бұл өзгеріс Мұстафа Кемал Ататүріктің бастауымен жаңа заманға өту, еуропалық өмір салтына көшумен байланыстырылып, Осман империясының ескі қалдықтарынан кетіп, заманауи мемлекет құрудың рухани негізі ретінде жүзеге асырылған. Ыстанбұлдағы Күлтүр (Мәдениет) университетінде Түркияның латын әліпбиіне өтуін зерттеген профессор Ертем Рекин бізге сол кезеңдегі Ыстанбұл мешіттеріне жапсырылған үнпарақтарды көрсетті. Оларда «бүгінгі жұманың уағызы – латын әліпбиінің маңызы» деп жазылған. «Мұсылман ел болғандықтан, бүкіл исламды қолдайтын элита араб жазуында қалу үшін латынға қарсы болды» деп ойлайтынбыз. Олай емес екен. Жаңа өмірге ұмтылуды «түрікпін» деген барлық ел қолдап, атсалысыпты. Осы жағынан келгенде, бұл істе халықтың қолдауы керек. Бірақ, әліпби мен емле мәселесінде, тілдің ортологиялық нормасын көрсететін құралдарын әзірлеуде, әліпби құрамындағы жеке әріптерді таңдауда, әрине, мамандарға сүйенген абзал...

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ ЖАРИЯЛАНДЫ

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ НҰСҚАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛІПБИ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

01-беттен

Біріншіден, бұл әліпби қолданысқа енгенде қазақ тілінің табиғи байлығы мен бейнелілігі толық сақталады. Екіншіден, әліпби халықаралық тәжірибелерді, оның ішінде Халықаралық фонетикалық әліпбидің таңбалық базасына құрылғандықтан, оның әлемдегі танымалдылығы жоғары. Сондықтан да, әліпбидің бұл нұсқасы әлемнің елуге жуық мемлекетінде тұратын қазақтардың пайдалануына қолайлы болады. Соның нәтижесінде бұл әліпбиді дүниежүзі қазақтарының ортақ әліпбиі деуге негіз бар. Үшіншіден, жетілдірілген әліпби нұсқасы IT технологияларға толық сәйкес келеді. Әліпбиге алынған таңбалардың барлығы UNICODE жүйесінде бар.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ӘЛІПБИЛЕРІНЕ ҰҚСАСТЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Латын әліпбиіне көшкен түркі тілдерінің ішінде түрік, әзербайжан, ғағауыз тілдерінің әліпбилері мейлінше сәтті саналады. Аталған әліпбилер халықаралық стандарттарға негізделген. Бұл әліпбилердің барлық таңбалары Халықаралық фонетикалық әліпбиге және UNICODE жүйесіне толық сәйкес келеді. Қазақ тілінің жетілдірілген латыннегізді әліпби нұсқасы да осындай принциптерге сай дайындалған. Түрік, әзербайжан, ғағауыз әліпбилерінде осы тілдердің ерекше таңбалары диакритикалар арқылы берілген. Мысалы, осы әліпбилерде умлаут, бревис, седиль диакритикалары қолданылған. Мұндай диакритикалар қазақ әліпбиінде де қолданылды.

1991 жылы Халықаралық ғылыми симпозиумда түркі тілдері үшін «Ортақ түркі әліпбиі» қабылданып ұсынылған. Жетілдірілген әліпби нұсқасы осы әліпбиге де сәйкес келеді. Сондықтан латыннегізді қазақ әліпбиі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен интеграциясына да оң ықпал етеді.

ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ КІСІ ЕСІМДЕРІН, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЖАЗУ ТАЛАПТАРЫ

Жаңа емле ережелерінің алдыңғы ережелерден айырмашылығы – оның тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне, заңдылығына сүйеніп жасалуында. Алдыңғы ережелер қазақ тілінің грамматикасынан гөрі орыс тілінің грамматикасына сәйкес келетін. Яғни, орыс тілінің төл дыбыстары сол қалпында сақталып жазылды, сол арқылы енген кірме сөздерді орыс тілінің орфоэпиясына сәйкестендіріп айтатын болдық. Мәселен, о деп жазып, оны а деп оқытын күйге жеттік. Ал, жаңа емле тек қазақ тілінің төл дыбыстарына негізделіп жасалды, яғни орыстың 8 әрпі (ю, я, ь, ь, ц, ч, щ, э) кездесетін дыбыстарды қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне икемдеп айтатын боламыз. Мәселен, цирк – сирк, чемпион – шемпион, т.б. Сондай-ақ, бүгінде

кейбір сөздердің жазылуында ала-құлалық болды, яғни бір модельдегі сөздер әртүрлі жазылып жүрді. Енді сол олқылықтардың бәрі жаңа емледе бірізденіп, өз шешімдерін тапты. Сондай-ақ, алдыңғы ережелер 10-12 тараудан, 129 параграфтан тұрса, жаңа емле 9 тараудан, 107 параграфтан тұрады. Жаңа емле жазу нормаларын тұрақтандыратын, жұртшылықтың жазу мәдениетін көтеретін бірден-бір көмекші нұсқаулық болмақ.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тарапынан кісі есімдерінің, географиялық атаулардың жаңа латын әліпбиіне сай дұрыс жазылуына байланысты ережелер әзірленіп жатыр. Орыс тілінің 8 әрпі (ю, я, ь, ь, ц, ч, щ, э) әліпби құрамына алынбағандықтан, олардың кісі есімдерінде, географиялық атауларында кездескен жағдайда қалай жазылады деген сұрақтарға жауап боларлық ереже дайындалуда. Яғни, ереже республиканың барлық құжаттаушы мекемелерінің күнделікті жұмысында, түрлі құзырлы органдардың, банк ісі, нотариус, білім беру және басқа да аты-жөндерді, географиялық атауларды дұрыс жазу талап етілетін мекемелерде басшылыққа алынатын нормативтік құжат және практикалық құрал болып табылады.

ӘЛІПБИ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ QAZLATYN.KZ ПОРТАЛЫ

Әліпби құрамы 31 әріптен тұрады, 3-еуі умлаут, 1-еуі бревис, 1-еуі макрон, 1-еуі седиль диакритикалық таңбасы арқылы берілген. Әрбір диакритикалық белгі тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне қарай дауысты мен дауыссыз дыбыс таңбасына бөлек, өзара ажырату қолданылған, яғни әр диакритиканың өз қызметі бар. Мәселен:

- Ә, Ө, Ү жіңішке дауысты дыбыс таңбасына – умлаут,
- жуан дауысты Ү дыбысына – макрон,
- ұяң Ғ дауыссыздына – бревис,
- ызың Ш дауыссыздына – седиль алынды.

Әліпбидегі диакритикалық таңбалар латын әліпбиімен жазатын көптеген тілде қолданылады. Мысалы, түрік, әзербайжан, неміс, швед, исланд, фин, венгр және т.б. тілдерде қолданылады. Яғни, халықаралық кеңістіктегі танымалдылығы жоғары. Бұл қазақ жазуының әлемдік графикалық кеңістіктегі түсініктілік деңгейін арттырады.

Мемлекеттік тілдің ғылыми-тілтанымдық базасы ортологиялық құралдар арқылы әзірленеді. Ортологиялық құралдарға орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, емле ережелерін түсіндіретін анықтағыштар, диалектологиялық, фразеологиялық, синонимдер, теңеулер және әдеби тілдің сөздіктері жатады. Яғни, ортологиялық құралдарда ұлттық тіл ретіндегі қазақ тілінің сөздік қоры,

орфографиялық-орфоэпиялық және лексикалық ерекшелігі, лексика-фразеологиялық, соның ішінде терминологиялық және ономастикалық атаулары, грамматикалық жүйесі көрініс табады. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшірумен байланысты ортологиялық құралдары дайындалуда.

Qazlatyn.kz порталында 9 қызмет түрі бар. Әліпби, емле, графика бөлімдерінде латын әліпбиі кеңінен насихатталған. Сонымен қатар, мынадай IT бағдарламалар қолданысқа шығарылды: көпфункционалды конвертер, конвертердің онлайн нұсқасы, онлайн файлдық конвертер, офлайн файлдық конвертер, мобильді қосымшалар, GitHub веб-сервистік порталына арналған қосымша плагиндер, Chrome браузеріне арналған конвертердің плагині.

ӘЛІПБИДІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҮЙРЕТУ

Президент латыннегізді қазақ әліпбиінің жетілдірілген нұсқасын бекіткеннен кейін бірінші кезекте оқытушылар даярланады. Латын әліпбиін үйрететін оқытушыларды даярлау үшін республика көлемінде оқыту курстары ұйымдастырылады. Мұндай курстар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында және барлық облыс орталықтарында арнайы оқу-әдістемелік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады. Бұл курстарға дайындалған оқу құралдары болады. Курсқа қатысушылар жаңа әліпби құрамы мен латын әліпбиіне негізделген емле ережелерін толықтай меңгеріп шығады. Осы курсты аяқтаған оқытушылар өз өңірлерінде латын әліпбиі мен емле ережелерін үйрететін болады.

Әліпби мен емле ережелері 5 рет мамандар, студенттер, магистранттар, докторанттар және оқушылар арасында апробациядан өткізілді. Апробация тест және тәжірибелік сабақтар форматтарында жүргізілді. Апробация жұмыстары еліміздің барлық өңірлерін қамтыды. Оның қорытындылары Орфографиялық жұмыс тобына ұсынылды.

Әліпбиді апробациядан өткізу үшін республика бойынша 2 рет ашық талқылау жұмыстары өткізілді. Ашық талқылауға республикадағы орта білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарындағы мамандар, ғалымдар мен өңірлік тіл оқыту орталығының оқытушылары мен әдіскерлері және жазушылар, барлығы 10 мыңнан астам адам қатысты.

ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАР

Латын әліпбиінің базалық таңбаларымен бірге диакритикалық белгілер де қолданылды. Олар әр дыбыстың мәнін көрсету үшін алынған. Мысалы, халықаралық тәжірибеде умлаут диа-

(Жалғасы 10-бетте)

«КЕЗ КЕЛГЕН ІСКЕР ЖАННЫҢ ҚОЛЫ ЖЕТЕ БЕРМЕЙТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРДЫ»

– Саян аға, іздесек қолға түсе бермейтін азаматсыз. Сондықтан бүгінгі әңгіме барысында көптен көкейде жүрген сауалымды қойып, соның нақты жауабын алғым келеді. Себебі, күллі ісі қазаққа Жүмекеңнің өскен ортасы, қайраткерлік-кемеңгерлік қырлары, батылдығы мен қаһармандығы өте қызық та мәнді. Сұхбатымызды оның шыққан әулеті, тәрбиелеген ата-анасынан бастасақ...

– Қостанай – киелі жер, менің ардақты асқар тауым, яғни әкем Жұмабек Ахметұлы осы облыспен көршілес жатқан Ақмола облысына қарасты Аршалы ауданының Танагул деп аталатын елді-мекенінде 1915 жылы 20 наурызда дүниеге келді.

Біздің қазақ «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейді. Сөздің орайы келгенде әкемнің шыққан тегіне де тоқталып өткенім артық болмас. Ташенөвтер әулеті Орта жүздегі Арғынның ішіндегі Қуандық руының Алтай тармағынан тарайтындығын кішкентай кезімізден құйма құлақ бала болсақ та естіп өстік. Мұны оқырман білсін деген ниетпен айтып отырмын.

Атам Ташен қарапайым ғана шаруа болыпты. Алайда, өзі мекен еткен жерде еті тірі болғандықтан, сөзі өтімді, халық арасында беделі мен абыройы өте жоғары екен.

Жалпы, Ташен атамның кезінде ата-анасының азан шақырып қойған аты Ташмұхамбет болыпты. Олардың ғұмыр кешкен құтты қоныстары «Ташен ауылы» деп аталған.

Атамыздың бәйбішесі Гүлсім әжемiз де ұлтымыздың әйелге тән барлық асыл қасиеттерін бойына сіңірген аяулы кісі еді. Бір-бірін өмір бойы сыйлап, қадірлеп өткен Ташен Жақсыбаев пен оның жұбайынан Қасым, Қасен, Манап, Жұмабек, Бибінүр, Сақыпжамал деген ұл-қыздары киелі шаңырақтың шаттығын арттыра түскен.

Кейбір дүкен көздеріне қарағанда, атамыздың алғашқы перзенті Қасым ерте шетінен кеткен. Қазақтың бауырмалдығы мен салт-дәстүрге деген құрметі ерекше ғой. Сондықтан да, әулет басшысының көзі тірісінде ақ-өзі жақсы көретін ұлдары Манап пен Жұмабекті інісі Ахметтің балалары болмағандықтан оларға берген. Олар ағасының ұлдарын бауырына басып, тәрбиелеп өсірген. Сол себептен де өзіміз біліп жүргендей, шаңырағымыздың тірегі «Жұмабек Ахметұлы» болып құжаттарында айқын жазылған.

– Әрине, Өзіңізбен кездеспес бұрын қаншама мәліметтерге ден қойып, Жүмекең туралы жазылған жайлардан хабардар болғаным рас. Сонда көңілге түйгенім, әкеңіз жастайынан қағыз де ширақ, келбетті кісі болыпты. Осы жайлы да баяндап берсеңіз...

– Әкемізді бәріміз де мақтан етіп өстік, қолымыздан келгенше осынау заңғар тұлғаға еліктедік. Өзімің пайымдауымша, ол бозбала кезінен бастап зиялылық қасиеттерді бойына сіңіруге талпыныс танытқан.

Парасат-пайымымен айналасындағыларды баурай білген. Расында да, ол өте білімді, дүниедеген өткенше есте сақтау қабілеті өте жоғары болды. Замандастары жас кезіндегі көркем келбетін, екі көзі ботаның кезіндегі әрі тостағандай қаңқара еді деп сипаттайды.

Бәрі де талпыныста жатыр емес пе?! Кәдімгі орыс және қазақ тілдеріне өте жетік еді. Қимылы да ширақ әрі батыл еді. Өзі араласқан ортасында осындай тағылымы мол қырларымен мәңгілік қалды. Адамның бойындағы ешкімнен тайсалмайтын қасиеттер әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен келетіндігін бәріміз жақсы білеміз. Оның кез келген кісіді кездесе бермейтін айрықша қайсарлық пен өжеттік мінездері балалық шағынан қалыптасты.

Егер таратып айтатын болсақ, әкеміздің кейінгілерге өнеге болатын қырлары – шексіз отансүйгіштігі, ұлтқа деген терең сезімі. Халқының тарихына деген құрметі өз алдына бөлек әңгіме. Оған осы сұхбат барысында тағы да тоқталатын боламыз. Сенімді дереккөздеріне сүйенетін болсақ, кезінде комсомол мүшесі болып, өзінің ұйымдастырушылық, іскерлік қырларын жарқырата көрсеткен. Сол кезеңдерде, негізінен, партиялық қызметтерге осындай жігерлі бозбалаларды тартатын. Өйткені, белгілі бір уақытта олар түрлі жауапты жұмыстарда болып, әбден шыңдалады. Халықпен жұмыс істеуді әбден меңгереді. Мұның өзі үлкен мектеп болатын.

Осы арада сөзіміз жалаң болмас үшін мына бір жайларды да тілге тиек еткен жөн сияқты. Жоғарыда баяндалғандай, оның көшбасшылық қабілеттері уақыт өте барынша аңғарылады. Көзі қарақты оқырманға оның сонау бір жылдары техникумда оқығаны аян болса керек. Алайда, оның болашағынан көп үміт күткен жоғарыдағы басшы азаматтар оған үлкен сенім артып, 1934-1938 жылдары солтүстік өңірдегі Красноармейский, Ақмола, Вишнево, Нура аудандарына



«ХРУЩЕВТІҢ ЖЫМЫСҚЫ САЯСАТЫН ӘКЕМ ЖҮЗЕГЕ АСЫРТПАДЫ»

жауапты қызметке жібереді. Ол кезінде оқыған Ақмола құрылыс техникумын аяқтап та үлгермеді. Сол шақтары кеңес, партия органдары әкем секілді арнаулы орта білімді, қос тілде еркін сөйлеп, сауатты жаза білетін жігерлі де қарымды қазақ жігіттеріне өте зәру еді.

Бұл пікіріміздің нақты дәлелі ретінде ол 1934 жылы Бейнетқор ауданы атқару комитетінің хатшысы, жер бөлімінің басшысы секілді қызметтерде өзін шыңдайды. Көп өтпей бұрынғы Қарағанды облысында жаңадан құрылған Красноармейский ауданына барып, жұмысын одан әрі жалғастырды. Араға төрт жыл салып, өзін жақсы жағынан көрсете білген азаматты өлгі өңірден Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық тамақтандыру бөлімінің басшысы болып бекітілді. Бұл кезде ол небәрі 23 жастағы өткір де уәдеге берік азамат болып қалыптасқан еді. Содан ол 1952 жылға дейін жоғарыда тілге тиек етілген Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылық, кеңес-партия органдарында түрлі қызметтер атқарып, әбден шыңдалды.

Сол өңірде тәжірибесі молайып, ұйымдастырушылық қабілеттері жарқырап көрінген білікті тұлға 1952 жылы Ақтөбе облысы партия комитетінің бірінші хатшысы сияқты лауазымды әрі жауапкершілігі көп қызметке тағайындалды. Жаңа аймақта да жергілікті халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдады. Оның алдына келген қарапайым халық қашан да рухы көтеріліп, алғысын қарша жаудырып жататын.

Бұл лауазымды жұмысқа кіріскенде ол өмір көрген, жақсы мен жаманды ажырата білетін жаста еді. Одан кейін де туған жерінің нағыз патриотының еңбегі бағаланып, 1955-1961 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы секілді кез келген іскер жанның қолы жете бермейтін қызметтерді үлкен абыроймен атқарып, халықтың құрметіне бөленген еді.

Әкеміз қайда жүрсе де, көмекке мұқтаж кісілерді қолтықтарынан демеп, олардың нағыз қамқоршысы бола білді. Бір мысал келтіре кетелік. 1955 жылы ол Қытайдан Алматы қаласына келіп қоныстанған бірнеше отбасының үйсіз әрі жұмыссыз жүргенін жоғарыға жазып, өзге мемлекеттен арамсызға қосылған қандастарымыздың өзекті мәселелерін шешуге тікелей мұрындық болды.

«ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ МҮДДЕСІН ӘРҚАШАН ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫ»

– Өзіңіз білесіз, Жұмабек Ахметұлы аса жоғары лауазымды қызметтерді атқарып тұрған кездері солтүстік өңірдегі бес, яғни Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарын Ресейге қоспақ болған кезде ерекше қажыр-қайрат көрсетіп, тағдырлы мәселелер шешілерде тойтарыс бергені мәлім. Сондай-ақ, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы бірқатар аудандарды да Өзбекстан аумағына көшіруден сақтап қалған жоқ па? Соны өз аузыңызда естісек деп едік...

– Әкем қандай қызметте жүрсе де, өзінің жеке басының қамын ойлаған

емес. Жоғары лауазым мен мансаптың құлы болмады. Туған халқының мүддесін әрқашан да жоғары қойды.

Кешегі алып Одақ дүркіреп тұрған кезде қайсарлық танытып, оның басшысы Н.С.Хрущевтің көкесеген ойы мен жымысқы саясатын жүзеге асыртпады. Оның негізгі мақсаты, сауалыңызда тоқталып өткендей, кездегенін бірте-бірте іске асыру болды. Алайда, оның республикамыздағы бес облысты біріктіріп, өткен тарихтан белгілі «Тың өлкесі» аймағын құрып, уақыт өте Ресейге қоспақ болған арам ниеті мен пиғылының жолы кесіліп, күтпеген жерден қарсылыққа тап болды. Сол зымыян саясатын орындау үшін Хрущев ештеңенен аянбады. Өлгі аталған өлкенің тізгінін Т.И.Соколов деген өзінің сенімді адамына ұстатты. Одақ басшысының тарапынан қолдау тапқандықтан ол Қазақстанның басшылығына бағынғысы келмейтін сыңай танытты.

Мұны естіген әкем қалай ғана шыдап отырсын?! Бұл кезде ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болатын. Батыл әрекет жасап, мәселенің алдын алу мақсатында 1960 жылы қоңыр күзде сол уақыттағы Тың өлкесінің орталығы Целиноград шаһарына шұғыл түрде ұшып келді. Содан республикалық жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне керекті мәліметтерді бермей отырған әрекеті үшін Соколовтың мысын басатындай өткір сөзін батыл айтты. Оны жауапты қызметінен босатып, бір тәуліктің ішінде Қазақстаннан қуып шығатындығын және Тың өлкесі ешқашан да көршілес Ресейге қосылмайтындығын ашық білдірді.

Кейбір мәліметтерге сүйенсек, Кеңес Одағының басшысы Хрущев пен әкемнің арасындағы айқас 1960 жылдың желтоқсан айында басталды. Одақтың тізгінін ұстап отырған өктемшіл, өркөкірек лауазым иесі бұрынғы Целиноград қаласындағы ұйымдастырылған бір конференцияның соңында әкем: «Тың өлкесіндегі бес облыстың басшысы өңірлердің Ресейге қосылуына қарсы емес. Қонаев та келісімін берді. Енді сіздің пікіріңізді білгім келеді», – деді. Мұндай күтпеген жайға намысшыл, ел абыройын терең ойлайтын қай адам көне қойсын?! Қаны басына шапшыды. Бірден қарсылық танытты. Жалпы, әкемнің арам ниетті кісіге тайсалмастан сол уақытта айтқан сөзі де кімді болсын толғаңдырмай қоймасы анық. Бірден ойын ашық білдіріп: «Менің ата-бабам осы жерде жатыр, олардың алдында мәңгілік құрметкермін. Никита Сергеевич, егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдарыңыз шеше беретін болса, КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек қой. Ал, ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы байлығына өз меншігім деп пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқы жоқ», – деген батыл жауабынан қадірлі оқырман көп жайды көңілге түйіп, пайымдайды деген үміттемін. КСРО-ны аша алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Хрущев әкемнен мұндай қарсылықты күтпесе керек. «Сен кімсің?! Бұл мәселені өзіңнің келісіміңіз-ақ шешеміз» деген көрінеді.

Әкем қандай ел мүддесі қозғалған маңызды кездесулерде пікірін жоғарыдағыдай іркіп қалмай, ашық білдірген, тәкаппарлық танытқан кісілердің мысын басып, жиналған құртшылықтың ал-

Тағдырлы қиын сәтте туған ұлтының абыройы мен беделін жоғары қойып, оған бүкіл ғұмырын арнаған тұлғалардың қатарында Жұмабек Ташенөвтің есімі ерекше аталады. Өйткені, ол кезінде басын бәйгеге тігіп, Кеңес Одағының басшысы Никита Хрущевке қарсылық білдіріп, солтүстіктегі бес облысты Ресейге, оңтүстіктегі мақта өсіретін үш ауданды Өзбекстанға, Маңғыстауды Түркіменстанға қосудан аман алып қалғанын исі қазақ жақсы біледі. Бұл қасиеттер ерлікпен пара-пар еді. Ол мынау тіршіліктен тек қана жерім, халқым деп өткені көпшілікке мәлім. Мен оның сүйікті ұлы, техника ғылымының кандидаты Саян Жұмабекұлымен арнайы кездесіп, әкесінің мағыналы өмірі жайлы әңгімелескен едім.

дында жігерлерін жасытып тастайтын. Мәселен, Алматыдағы Үкімет мәжілісінің бір басқосында келесі жылдың халық шаруашылығы жоспары қаралды. Онда Тың өлкелік атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары А.И.Козлов өз сөзінде: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңіздер болғаны», – деп өзінше қыр көрсетпек пиғыл танытады. Мұндайға кеудесін намыс қысып шыдамаған әкем оны лезде тоқтатып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық Комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз, мынадай қиын мінезбен істі қоймайтын болсаңыз, партиядан

Алатаудың баурайындағы аса көркем шаһардың қақ ортасындағы сонадайдан жұртшылықтың назарына ілігетін үлкен даңғылға ұлы ақын Абай Құнанбайұлының есімін бергізді. Талай өнер тарландарының бағын ашып, жұлдызын жандырған Республика сарайының алдында ұлтымыздың бас ақынының ескерткішін орнаттырып, оның лентасын қиюға қатысты. Мұны біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі арамызда жүрген өнер майталмандары, эстрадамыздың жарық жұлдыздары хабардар болсын деп әдейі мысалға келтіріп отырмын. Бұл игілікті істі жүзеге асыру да оған оңай болған жоқ. Орнықты уәжі мен өзгелердің бәрін де иландырып, келісімін алды.

Саян ЖҰМАБЕКҰЛЫ, Жұмабек Ташенөвтің ұлы:

Оның алдында Кеңес елінің басшысы Хрущевтің қаһарына ілігіп, Қазақстанға жіберілген Козловтың зәресі ұшып әрі күтпеген сөзден тауы шағылған ол көпшіліктің алдында еріксіз кешірім сұрауға мәжбүр болады.

«АЛМАТЫДАҒЫ ДАҒҒЫЛҒА ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ЕСІМІН БЕРГІЗДІ»

– Ағамыздың бойындағы тағы бір қайраткерге тән қасиеті – мәдениет және өнер қайраткерлеріне жанашырлығы десек, орынды болар. Себебі, ол кісі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы болып тұрғанда руханият саласында жүрген қаншама азаматтар тиісті марапаттарға ие болыпты. Сондай-ақ, үйсіз-күйсіз жүрген кісілерге де шарапат-шапағатын көрсетіпті. Осы айтылғандарға перзенті ретінде алып қосарыңыз бар ма?

– Дұрыс айтасыз, ол кісі өзі басшылық қызметте болған кезінде мәдениет және өнер саласында жүрген қайраткерлердің еңбегін жоғары бағалауға тырысты. Шығармашылықпен айналысатын тұлғалардың қаншама сахнадан тыс көп терегетіндігін терең түсінді. Сондықтан олардың халық арасындағы беделін көтеруге барын салды. Сонау 1959 жылы қаңтар айында арнайы қаулы бойынша Халық әртістері Шабал Бейсекова, Шолпан Жандарбекова, Кәукен Кенжетәев, Сәбира Майқанова, Бибігүл Төлегеноваға құрметті атақтар беруге ықпал етті. Басқа да қаншама адамдар осындай құрметтерге бөленді. Сонымен қатар, Халық ақыны Кенен Әзірбаевтің 75 жасқа толуына байланысты Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасын тапсырып, қалың жұртшылық алдындағы мәртебесін асқақтатуға барын салды.

Өзі Үкіметке басшылық етіп тұрған шақта, яғни 1960 жылы Алматы шаһарындағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында 212 пәтерлік үлкен зәулім үйдің бәрін де өнер мен мәдениетіміздің болашағы үшін аянбай тер төгіп жүрген өнер және мәдениет қайраткерлеріне бергізуге өзінің тікелей ықпалын тигізді. Сондай баспанаға ие болғандардың қатарында есімдері қалың оқырманға жақсы таныс Иляс Омаров, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайруз Ысмайылова, Кәукен Кенжетәев пен Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Сейфолла Телғараев, Құрманбек пен Шолпан Жандарбековтер, Шара Жиенқұлова, Қапан Бадыров, Жүсіпбек пен Хабиба Елебековтер, қаламгерлер Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Жүсіп Алтайбаев және басқалар ие болды. Осы алыстан жұрттың назарын бірден аударатын ғимаратты зиялы қауым әлі күнге дейін ерекше ілтипатпен «Қазақ ауылы» немесе «Ташенөв үйі» деп те атайды.

Басқа да қаншама қазақ елі үшін адал еңбек етіп жүрген әрі үлкен қалада пәтердің азабын әбден тартқан ғалымдар, елімізге белгілі тұлғалар баспаналы болып, әкемнің оларға да шарапаты тигені рас.

«ОҢТҮСТІКТЕГІ АҒАЙЫНДАР ӘКЕМДІ АЛАҚАНДАРЫНА САЛЫП ҰСТАДЫ»

– Кешегі Кеңес Одағы кезінде адал тұлғаларға қиянат жасалып, олар қызметінен төмендетілді. Хрущевтің нұсқауымен «ұлтшыл» деген айып тағылып, Жұмабек ағамыз лауазымды қызметінен босатылды. Сөйтіп, жүрегі «елім мен жерім» деп соғатын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері бұрынғы Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып төмендетілді. Алайда, оның нағыз қайсар да ештеңеден қаймықпайтын азамат екендігін жоғары бағалайтын шырайлы өңірдің халқы оны қаршан азамат ретінде құшақ жая қарсы алды. Сіз ол кезде жас едіңіз. Осы кезеңдерге тоқталып өтсеңіз...

– Арыстан жүректі әкем шын мәнінде байлық қуып, мансапты жоғары қойған емес. Егер атақ пен даңққа, қызметке қызықса, тек қана жеке басын ойлайтын еді ғой. Оның бір ерекшелігі – рухы мықты еді. Облыстық деңгейдегі қызметке барса да, өзінің іштей адалдығына нық сенді. Өйткені, кейбіреулер қызметінен төмендетіле, өзін-өзі жоғалтып, ұнжырғасы түсіп жатады. Тіпті, ауруға шалдығатындары да кездеседі. Оның бойынан мұндай осалдықты сезбедік. Қайта шымкенттік ағайындармен бұрыннан білетіндей, тонның іскі бауындай араласып кетті.

Араларына қосылған білікті тұлғаның уәдеге берік, аса беделді басшы екендігін жете түсінетін жергілікті бауырлар оның қабылдауына жиі баратын. Кейбір түйткілді, қордаланып қалған аса көкейтесті жайларды өңірдің бірінші жетекшісіне жеткізбей өзі-ақ шешіп тастайтын. Оның алдында республикада лауазымды тұлғаның бірі болғандықтан ба, облыстың тізгінін ұстап отырған кісінің өзі оның іскерлігін, қайтпас қайсарлығын мойындап, кейінгі жастар бай тәжірибесінен көп тағылым алды.

Біз Шымкент шаһарында ұзақ жылдар бойы тұрдық. Бұл қала өте көркем, халқы дархан, сыйластыққа жете көңіл бөледі. Ұлтымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ұстанады. Әңгіме арқауына айналған тұлға 1975 жылы Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды. Ғұмырының соңғы жылдарында «Қаракөл» ғылыми-зертханалық институтында, сол облыстық талдау есептеу орталығында қызмет атқарды.

Әңгімелескен: Оразалы ЖАҚСАНОВ

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ

(Жалғасы газеттің келесі санында)

1991 жылдың 16 желтоқсаны. Бұл – әлем картасында Қазақстан атты азат ел пайда болған тарихи күн. Биыл сол Тәуелсіздік ақ таңының атқанына 30 жыл толып отыр. Тарих үшін аз уақыттың ішінде еліміз толағай табыстарға қол жеткізді. Бұл істе тәуелсіздік құрдастарының да қосқан үлесі зор. Соның бірі – Қарағандының тумасы Арман Тосқанбаев. Бұрнағы жылдары Елбасының қолына отандық сағат тағып, дүйім елге танылған кәсіпкер биыл 30-ға толады. Яғни, тәуелсіздіктің құрдасы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОЛЫНА
ӨЗ КОМПАНИЯСЫНЫҢ САҒАТЫН
ТАҚҚАН ЖАС КӘСІПКЕР



■ 2016 жылы ҚР Тұңғыш Президенті күнінде жас кәсіпкер Елбасының қолына өзі басқаратын «Отан» компаниясының сағатын тақты

– Арман, кәсіпкерліктің жолы қалай басталып еді?

– Балалық шағым Қарағанды қаласында өтті. Ата-анам қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында құрылысшы болып жұмыс істеді. Сондықтан мені орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін әжем тәрбиелеп өсірді. Сөйтіп, жастайымнан орыс әдебиетімен танысып, шет тілдерін меңгере бастадым. Отбасыма өзімнен бес жасқа кіші інім бар. Тойып тамақ ішкен күндерімді сирек.

– Сонда бай кәсіпкердің баласы болмағаныңыз ғой?

– Қарапайым отбасында туып-өстім. 1997 жылы мектепке бардым. Ал, 15 жасқа келгенде кішігірім бизнеспен айналыстым. Мектеп қабырғасында компьютерлік техникаларды жөндедім. Кейін 2008 жылы банкрот болып жарияланған «Валют Транзит банкінің» техникаларын алып, қайта сатумен табыс таптым.

Артына Томск қаласында білім алып жүріп те жұмыс жасадым. «Байланыс комбинатының» жүйелік әкімшісі және техникалық директоры болдым. 2013 жылы «Шон-БИ» телекоммуникациялық компаниясын басқардым. Келесі жылы отандық кәсіпкерлер қауымдастығын құрдым. Көп пайда әкелген алғашқы кәсібім – 2014 жылы қолға алған гидропонды қондырғылар өндірісі. Оны «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша жеңіп алған 3 млн теңгелік гранттың көмегімен аштым. Бұл мекеме Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде де жұмыс істейді. Қондырғыларымыз өте сапалы, бағасы да анағұрлым арзан.

– Аталған компанияның кейін банкротқа ұшырауына не себеп болды?

– Бизнесің қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Әріптестерім теріс айналып, компаниядан шығарып жіберген кездер де болды. Кезінде Ұлттық бірыңғай тестілеуде сәл ұпай жетпей, оқуға түсе алмағаным да есімде. Бірақ, еш мойымай, еңбектенудің арқасында бүгінгі күнге жеттім.

– Осыдан біраз жыл бұрын «Отан» атты сағат

компаниясын ашып, елге танылған едіңіз. Бұған қалай қол жеткіздіңіз?

– Иә, отандық сағат өндірісін әріптесім Айбек Есеновпен бірге қолға алдық. Банктер «Қазақстанда қайдағы сағат» деп таңданып, несие беруден бас тартты. Екі-үш ай ішінде 40 мың доллар жинап, сағат құрастырып шығардық. Оның бүгінгі бағасы 165 мың теңгеден басталып, 10 мың долларға дейін барады. Қымбат түрлерін Ресей мен Қытай азаматтары алып жатады. Жалпы, қазақстандық қамту, мемлекеттік қызмет және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті цифрландыру мәселесі көтерілсе, қалыс қалмауға тырысамын. Өйткені, сәттіліктің сыры – диплом алуда емес, білім мен біліктілікті шыңдауда.

– Арман, тағы қандай кәсіп көздерін аштыңыз?

– 2016 жылы әріптесім Диас Тастанбеков екеуміз жылыжай-да базилик, рукола және басқа да өсімдіктерді жаңа технология бойынша өсірдік. Дайын өнімді мейрамханаларға саттық. Мұндай агропониқалық жылыжай елімізде бұрын-соңды болмаған.

Криптовалюта компаниясын да ашып, «сербер» атты криптоамиян шығардық. Сондай-ақ, ірі ғимараттардың макетін жасау, әр аймақ тұрғындарына дәрігерлік онлайн көмек көрсету жобаларын да жүзеге асырдық.

Қазір бір ғана кәсіппен шектеліп қалуға болмайды. Әр салаға икемделген артық етпейді. Екіншіден, кәсіпкерлік бұл белгілі бір мамандық емес. Оны меңгеру, үйрену деген ұғым жоқ. Мәселен, сағат компаниясын ашу үшін оны жасайтын мамандарды тапсаңыз да жеткілікті. Демек, «бизнесмен» дегенді тек ұйымдастырушы және қаржы көзін реттеуші ғана деп түсінген дұрыс.

– Қазір бизнеске ынталан-дыруға бағытталған семинар-тренингтер мен кітаптар көбейді. Сіз сондай еңбектерді оқисыз ба?

– Менің ойымша, ол кітаптардың көбісі бір-біріне ұқсайды. Оның үстіне Батыс елдері негізге алынған. Мен теориядан гөрі тәжірибеге арқа

сүйедім. Керісінше, ешкімге еліктемей, өзім кітап жазып шықтым. Ол «Қазақстанда нөлден бизнес бастау үшін не істеу керек» деген сұраққа толықтай жауап береді деп ойлаймын. Оның ішінде ата-анамен қарым-қатынас, болашақ жар таңдау мәселесі де қамтылған. Себебі, бизнесте аяққа нық тұру үшін отбасының тигізер әсері мол. Болашақ жұбайыммен Томск қаласында оқып жүргенде таныстым. Осылайша, ол менімен бірге елге оралды. Содан бері тоғыз жыл бойы қиын кездері қасымнан табылып, рухымды көтеріп келеді. Кітап та, бизнес-тренинг те ынталану үшін қажет дүниелер. Ал, негізгі істі тындыратын кәсіпкердің өзі ғана.

– Қазір қанша адамды жұмыспен қамтып отырсыз?

– Жалпы саны 200-ге жуықтады.

– Несие алып тұрасыз ба?


– Инвесторлар мен несиеңің көмегіне көп жүгіне бермеймін. Әлі тәжірибе жинап үлгермеген жандарға да несие алмауға кеңес беремін. Оны экспортқа өнім шығара алатын деңгейге жеткеннен кейін ғана алған жөн. Осы орайда, қарағандылық табысты бизнесмен Төлеген Мақатаевтың «Аш қасқыр жақсы аңшы, ал тоқ қасқыр жаман аңшы болады» деген сөздері есіме түсіп отыр. Ол жетістікке жетсе де, ақшаны байлық деп есептемейді екен. Мен де материалдық құндылықтарға қызықпаймын.

– Өзіңіз сияқты жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Мен арманыма жету үшін бүгін не істедім? Бұл сұрақты күнделікті жаттар алдында өзіме қоямын. Өкінішке қарай, отыз жасқа дейінгілер жоғары оқу орнына білім емес, диплом алу үшін түседі. Ақыры қолынан ештеңе келмейтін маман болып шығады. Амалы таусылған соң, такси жүргізеді немесе ғимарат күзетеді. Мұның орнына қосымша курстарға жазылған дұрысырақ.

– Арман, ашық әңгімеңізге алғыс айтамыз!

Әңгімелескен: Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ



COVID-19: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ӘЛЕМДЕ КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ЕҢ КӨП ЕЛДЕР (02.02.2021)




103 МЛН АДАМ COVID-19 ЖҰҚТЫРДЫ



2,2 МЛН АДАМ ІНДЕТТІ ҚҰРБАНЫ БОЛДЫ

ӘЛЕМДЕ КОРОНАВИРУСТАН КӨЗ ЖҰМҒАНДАР САНЫ ЕҢ КӨП ЕЛДЕР (02.02.2021)



Дереккөз: Johns Hopkins University (JHU) Инфографика: Айнұр Қайратбекқызы

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ ЖАРИЯЛАНДЫ

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИ НҰСҚАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛІПБИ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

QWERTY стандарты бойынша
пернетақта нұсқасы



(Соңы. Басы 01, 07 беттерде)

критикасы жіңішке дауыстыларды белгілесе (äder, öner, kümis), бревис – қысқа дыбыстарды (ğalam, sağat), макрон – созылықты дыбыстарды (ūsynys, mazmün), седиль – ызың дауыссыз дыбыстарды (şattıq, şaşı) таңбалауға арналған. Бұл диакритикалық белгілер түрік, әзербайжан, неміс, француз, швед, фин, венгр және тағы басқа тілдерде жиі қолданылады. Сондықтан бұл латыннегізді қазақ әліпбиінің халықаралық жазу кеңістігіндегі танымалдылығын арттырады. Осы диакритикалармен келетін әріптердің барлығы да Халықаралық фонетикалық әліпби құрамында және UNICODE жүйесінде бар.

Умлаут диакритикасы жіңішке дауыстыларды белгілейді. Жаңа әліпбиде Ә, Ө, Ү дауыстылары умлаут (¨) арқылы берілді: älrpbі, örkeniet, ikımet. Умлаут – түрік, әзербайжан, түркімен, неміс, фин, швед, исланд, венгр және т.б. тілдердің әліпбилерінде қолданылады. Сондай-ақ, халықаралық фонетикалық әліпбидегі стандартқа сәйкес. Умлаут диакритикасының мәтіндегі танымдылығы жоғары. Бұл белгі UNICODE жүйесінде жиі қолданылады.

Жаңа әліпбиде F дыбысын бревис диакритикасы арқылы Ğ таңбасымен беру ұсынылды: ğaғuş, jañğuғu, ğylym. Бревис – латын графикасы негізінде түркі халықтарының әліпбиінде қолданылатын әріп үстіндегі диакритикалық белгі. Бұл белгі негізінен қысқа дыбыстарды таңбалау үшін қолданылады. 1990 жылдардан бастап латын әліпбиіне көшкен әзербайжан және қырым-татар тілдерінде қолданыла бастады. Бревис диакритикасының мәтіндегі танымдылығы жоғары. Бұл белгі UNICODE жүйесінде жиі қолданылады.

Ұ дыбысын макрон диакритикасы арқылы Ū таңбасымен беру ұсынылады: ūpraq, qıŋaq, mağlūmat. Макрон – дыбыстың созылықты айтулыын білдіретін диакритикалық белгі. Ол литва, латыш, бретон тілдерінде дыбыстың созылықтылығын білдіру үшін, сондай-ақ, араб, қытай, жапон сөздерін латын әліпбиінде транслитерациялау үшін де қолданылады.

Ш дыбысын седиль диакритикасы арқылы Ŗ таңбасымен беру ұсынылды: ŗaғuғaq, qaşuqtıq, alaş. Седиль – әзербайжан, өзбек, түркімен, түрік, француз, албан, чуваш және т.б. тілдердің әліпбилерінде қолданылатын диакритикалық белгі. Бұл белгі негізінен тіл алды ызың, қатаң дауыссыз Ш дыбысын таңбалау үшін жиі қолданылады әрі халықаралық фонетикалық әліпбидегі стандарттық тұрпаттына сәйкес келеді. Сондай-ақ, Ш дыбысын Ŗ таңбасымен беру «бір дыбыс – бір әріп» принципін сақтауға да толық негіз болды.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, сол арқылы жазу дәстүріне сай келмегендіктен С, W, X таңбалары әліпбиге енгізілмеді. Латын әліпбиіндегі «С» таңбасы кейбір роман тілдерінде с, к, ч дыбыстарының мәнін берсе, латын әліпбиіндегі славян тілдерінде ол ц дыбысын белгілейді. Қазақ тілінде с, к дыбыстарын латынның s, k таңбаларымен берсек, ч, ц дыбыстары қазақ тіліне тән емес. «W» таңбасы кейбір роман, герман әліпбилерінде у дыбысын береді. Латыннегізді осы қазақ әліпбиінде у дыбысы u арқылы таңбаланады. Сондықтан «W» таңбасын әліпбиге енгізу қажетсіз. «X» таңбасының базалық латын әліпбиінде «икс» деп дыбыстала, кейбір роман, герман тілдерінде ол «кс» деп те оқылады. Сондықтан бұл таңбаны да әліпбиге енгізу қажет емес. Бірақ С, W, X таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттiлдiк сөздерде ғана қолданылады. Мысалы, windows, xerox, unicode. Кейбір таңбаларды әліпби құрамына енгізбей тек шеттiлдiк сөздерде қолданылады деген ескертумен беру халықаралық тәжірибеде бар. Мысалы, итальян, швед, венгр, т.б. тілдерде бар.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Әліпбиде «бір дыбыс – бір таңба» принципі негізге алынған. Бұл ғылыми принцип жалпы түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатынан шыққан. Әліпби түзуде бұл принцип қатаң сақталуы керек. Сондықтан түркі тілдерінің әліпбилерінде осы принцип мейлінше сақталады. Егер ол принцип сақталмаса, онда жазу жүйесі мен дәстүріне айтарлықтай нұқсан келеді. Осы принцип сақтау үшін қазақ әліпбиін түзуде диграфтар, триграфтар қолданылмайды. Екі, үш немесе одан да көп таңбалар арқылы бір дыбысты беру негізінен роман, герман тілдеріне тән. Содан ағылшын, француз, т.б. тілдер үшін бір дыбысты бірнеше таңбамен беру табиғи заңдылық саналады.

Айта кетейік, жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап, 2031 жылға дейін жоспарланып отыр.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2017 жылы қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары басталған еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әліпбидің 40-тан астам нұсқасы, сондай-ақ қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары мен пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралды. Содан білім беру мекемелерінде жетілдірілген әліпби белгілерін жазу және оқу бойынша сауалнама жүргізілді. Қоғамдық пікірді ескеру мақсатында ашық талқылаулар ұйымдастырылды.

Жетілдірілген әліпбиде әріп саны – 31, әліпби тек латын әліпби базалық жүйесі таңбаларынан құралған, қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұлтымызды сақтау мен өркендету үшін, біздің ойымызша, екі үлкен дәуірлік мәселе көтерген десек, біріншісі – төл дәстүріміздің өміршең тұстарын заманауи сұраныстармен сабақтастыру, екіншісі – бүкіл адамзат баласына ортақ жаһандану үдерісінің өзіміз үшін тиімді тұстарын игеру. Әлбетте, біз ең алдымен төл дәстүріміздің өміршең тұстары дегенде, бар дәстүрімізді, жалпы мәдениетімізді, тұтас ұлтымызды сақтаушы ана тілімізді айтамыз. Жаңа жаһандану заманында тіліміздің ұлтты сақтайтын қоғамдық һәм рухани құралы ретіндегі барлық алғышарттары мен мүмкіндіктері бар.

Оразкүл АСАНҒАЗЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Біріншіден, ол өзінің сөздік қорынан, бейнелілігінен, стилистикалық мүмкіндіктерінен құралған үлкен әлеуетке ие. Екіншіден, қазақ тілінде сөйлеушілердің саны сан миллиондап саналады, айталық қазір әлемде 16 миллионға жуық қазақ бар десек, соның кем дегенде 11-11,5 миллионы өзінің ана тілін біледі. Яғни, бұл тілді қажет ететіндердің саны қазіргі ғаламдық өлшеммен алғанда жоғары. Үшіншіден, қазақ тілі – Конституция бойынша мемлекеттік тіл. Бұларға қосымша қазақ тілі қоғамның барлық саласында қолданылады, яғни білім мен ғылымның, қоғамдық қатынастың, бизнес пен биліктің тілі. Осындай мүмкіндігі зор тілді сол қоғамның барлық саласында жетекші тілге айналдыру мәселесі тұр.

Бұл реттен келгенде «тіліміз өз елінде әлі де осындай жетекші функцияға айналды» деп айта алмасaq керек. Рухани жаңғырудың өзегі – қоғамдық сананы жаңа сапаға көтеру десек, онда тілдің осындай үлкен мақсатты шешетін әлеуетін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы болса, онда өркениетті әлемде оған онша мән де, мақсат та берілмес еді. Тіл – тек қатынас құралынан да жоғары құбылыс. Тілді сақтау ұлтты сақтаудың тікелей кепілі екенін Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары, кешегі Бауыржан Момышұлы сияқты ұлт тұлғалары сан рет айтты, сол үшін күресті де.

Ахаң XX ғасырдың таңында «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» десе, кеңестік ұлтсыздандыру тұсында «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүгінгі де тағдыры» деп жазған болатын. Ұлт қайраткерлерінің осы пікірлері әлі күнге дейін өзекті. Себебі, тіл – қашанда ұлтты сақтаушы һәм танытушы маңызды құрал. Егер тіл осындай орасан қызметке ие болса, онда ол сол ұлттың барша болмысын танытатын да құбылыс. Бұл жөнінде Елбасы «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған оның ғажайып тілі» деп жазды.

Жалпы, ұлтымыздың барша қасиетін, әлеуетін таныту мен ашуға күш-жігерін арнап келе жатқан Елбасымыз жоғарыда аталған дәуірлік еңбегінде ұлттық код мәселесін көтерді. Осы еңбегінде: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыр-тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды бар. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу әрі дәріптеу қажет. Онсыз жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы опонай», – деді.

Ұлттық код дегеніміз – ұлттық қасиет, оның мәдениеті, әдебиеті. Ең бастысы, ұлтты ұлт ететін ұлттың жаны, ұлттық коды – тілі. Қазіргі қазақ қоғамында қазақ тіліне бет-бұрыс өте жақсы. Ата-аналар өздері қазақша білмесе де, балаларын қазақтілді мектепке беріп жатыр. Білім беру мекемелерінде Елбасы берген тапсырма бойынша үш тілде сабақ беру жүйесі енгізіліп кетті. Елбасы 2006 жылы қазақстандықтардың үш тіл білуі керектігін айтқан еді. Бірақ, қазақ тілі үш тілдің бірі емес, ол – негізгісі һәм маңыздысы, ол мемлекеттік тіл екені де баса айтылды.

Дегенмен, бүгінгі таңда отбасында, балабақшада, мектепте сыныптан шыққан соң да балалар бір-бірімен орысша сөйлеседі. Бұл жағдайда орталық және жергілікті атқарушы билік бірінші қамқоршы болатын тіл мемлекеттік тіл болуы тиіс.

Ұлттық кодың жиналатын, сақталатын, ұрпақтан ұрпаққа берілетін қоры да, қазынасы да, тасымалдаушысы да оның осы тілі. Ендеше, тіл – біздің барымыз. Сондықтан жаһандану тұсында ақпаратпен, киномен, тұтынатын тауармен, музыкамен, біліммен қазақ еліне келіп жатқан барлық құбылыстар мен құралдардың баршасында тілдік деректер бар дейтін болсақ, онда олар қазақтың санасына орнығып та жатыр. Әлбетте, шетелден келген дүниелер тартымдылығы, қызықтылығы жағынан елімізде өндірілетін сондай заттардан немесе басқа да ақпараттық дүниелерден артық болуы мүмкін. Бұл, әсіресе, жастарымызды баулиды. Ол біздің санамызға, сезімімізге күн сайын мысқалдап енеді. Содан күндердің күнінде өзінің айналып, өзгенікі жоғары қоятын ұрпақ қалыптасады. Оның бастапқы жемістері қазір де көрініп жатыр.

Жаңа жаңғыру дәуірі қай халықтан болса да дамуды һәм сақтана отырып дамуды қажетсінеді. Бұл – сол әр халықтың келешегінің қамы. Ол бүгіннен басталады. Қазақтың жері, тілі өзінікі. Тұрмысымызда, жалпы өмірімізде өзгелердің жасаған дүниесін көбірек қолданатын заманда тұрмыз. Дүние бүтіндей араласты, тұтастай сабақтасып, ол үрдіс осылай қарай жүре де беретіні байқалады. Елбасы мақаласы – осындай әлемдегі қазақтың, Қазақстанның алдымен өзін сақтау, содан барып өркендеу барысын көрсету ниетінен туған еңбек. Одан сабақ алу, оның міндеттерін жүзеге асыру баршамыздың міндетіміз десек, жалпылап

де химияны, физиканы, математиканы оқыдық, яғни бұл әліпби бізге де бейтаныс емес.

Оған қоса, латын әліпбиі көшелер мен дүкендердегі жарнамаларда, тауарларда тұр. Қалтамыздағы құжаттарымыз да, телефонымызға күнделікті дерлік келіп жатқан ауа райы туралы мәліметтер де тағы тұр. Тұрмысымызда тұтынатын техникалық заттардың барлығы шетелдікі, ендеше оларда да латын жазуы – негізгі жазу.

ҰЛТТЫҚ КОД және жаңа әліпби



■ ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова. 9 қараша, 2020 жыл

Жаңа әліпби бастамасы – бұл күрделі әрі шетін мәселе екенін ұмытпаған жөн. Жаңа графиканы енгізу бір күнде ы болмаса, тіпті, бір жылда іске аса қоятын жұмыс емес. Әйтпесе, асығыстық бүкіл мәдениетімізге және тарихи болмысымызға зиян келтіруі мүмкін. Мәселе – кириллицадан латын әліпбиіне аударуда емес, бұл қазақ тілінің ауқымды реформасы деген сөз. Қаржы мәселесін де ескеруіміз керек. Латын әліпбиін енгізу жұмысы біртіндеп жүзеге асуы керек. Негізінде, бұл графика жас ұрпаққа арналған деп айтуға болады. Оның игілігін, ең алдымен, солар көруі керек. Сондықтан бұл үрдіс жоспарлы түрде, біртіндеп іске асырылуы қажет...



**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВ,**
ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ

кетер едік, дұрысы – ел басқарған, әсіресе жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің басында тұрған азаматтардың парызы. Осындай елдік борыш – қазақ ата-анасының да ең басты әрі маңызды міндеті.

Тілдің осындай ерекше маңызын ұғынған Елбасы мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді бірінші міндет ретінде қойды. Өйткені, бүгінгі нағыз халықаралық таңбалар жүйесіне айналған латын әліпбиі елімізді, халқымызды қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа биіктерге бастайтын қадам болмақ екендігін мына деректерден анық аңғарамыз.

Әлем халықтарының 80 пайызы латын графикасын меңгеріп, игілігіне пайдаланып, әлемдік ақпараттың 70 пайызын осы таңбамен таратады. Қазіргі таңда әлем халықтарының ішінде латын әліпбиін пайдаланатын халықтар саны 1,5-2 миллиардқа жуық. Кириллицаны ұстанып отырғандар 300 миллионды құрайды. Сондықтан Қазақ елі білімнің, ғылымның, IT технологияның төріне, өркениеттің өріне жетелейтін төте жағға түсуі керек. Бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланса, қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің 22-сі латын әліпбиін пайдаланады, ең мықты экономикасы бар 10 мемлекеттің – 7-еуі, әлемдегі ең бай 20 мемлекеттің 18-і латын әліпбиін тұтынады. Дүниежүзінде бизнес жүргізуге ең қолайлы 30 мемлекеттің 25-і де латын әліпбиін қолданушы елдер.

Тағы бір дәйек, 2005-2015 жылдары 12,5 миллион мақала шыққан екен, соның 55-75%-ы латын қарпінде жазылыпты.

Ең көп сілтеме жасалатын ғылыми мәтіндердің 61 пайызы латын, 2,7 пайызы кирилл қарпінде екенін ғалымдар мен сарапшылар алға тартып отырғаны қай-қайсысымызды да ойландырса керек.

Сонымен қатар, физикадағы бірліктер жүйесі, химиядағы элементтердің периодтық жүйесі, математикадағы, географиядағы, биологиядағы және тағы да басқа ғылымдардағы таңбалар, шартты белгілер осы латын әліпбиінде. Ендеше, қазір оқып жүрген оқушылар мен студенттер бұл әліпбиді жақсы біледі. Мектептің өзінде оқушыға латын әліпбиінің таңбалары күнделікті бірнеше пәнде кездеседі. Ересектерге келсек, біз

Айналып келгенде, латын таңбалары біздің тұрмыстық және қоғамдық өмірімізге әлдеқашан енген. Сондықтан ол қазаққа жат, тосын жазу емес.

Қазір әлемдегі түркі халықтарының саны шамамен 200 млн дейтін болсақ, солардың 55,5 пайызы латын әліпбиінде, 25 пайызы араб жазуында, 17 пайызы ғана кирилл таңбасында, қалғандары түрлі әліпбилерді қолданады екен.

Өз алдына дербес Әзербайжан, Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты мемлекеттер болса, соның екеуі ғана, яғни біз бен Қырғызстаннан басқасы латын әліпбиінде. Алтай, Башқұртстан, Қабарда-Балқар, Қарашай-Шеркеш, Татарстан, Тыва, Хақас, Чуваш, Якут сияқты автономияларға кінә қоя алмайсыз, өйткені олар Ресейдің ішінде. Қалған түркі халықтарының автономиялық құрылымдары жоқ, олар әртүрлі мемлекеттердің ішінде жүр. Молдованың құрамындағы Ғағауыз автономиясы латын әліпбиіне көшкен.

Елбасы латын әліпбиіне ету қазақ тілінің қолданасы аясын кеңейтетініне сенім білдіреді. Егер олай болмаса, латын әліпбиіне өтудің қажеттілігі туындамас еді. Алдымен әліпби арқылы, оның емле ережелері арқылы кезінде бұрмаланған тіл табиғатына тән қажеттіліктер қалпына келтіріледі. Әліпбимен бірге жазу реформасы жасалады. Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағытында «Қазақ жазуын жетілдіру» деп көрсетілген. Мұндай жетілдіру жұмыстары санаға серпіліс береді. Осындай серпіліс қазақтардың ана тіліне деген қажеттілігін арттырады. Жаңа әліпби таңбалардың жай жиынтығы емес, өмірді танудың һәм оны бағалаудың жаңаша қатынасы деп ұғынамын. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», деді Елбасы.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосады. Бұған мысалды әлемдік тәжірибелерден күнделікті жақсы аңғарып жүрміз. Оның еліміздің елдігін сипаттауға, ешкімге еліктемей, ұлттық кодымызды одан әрі нық қалыптастыруға да септігін тигізері кәміл.

Жансая ШЫҒЫСХАН,
«Qazaq» газетінің Нұр-Сұлтандағы меншікті тілшісі

Бүгінде ұлттық валютаның қалай жақсарғаны туралы action жанрында толыққанды фильм түсіруге болады. Декорациялар сұрғылт болуы тиісті: бұл жаппай тапшылықтың уақыты болатын, бос тұрған дүкен сөрелері үрей тудырып, электр, газ, жылу сынды өркениеттің игілігі жиі өшіріліп тұрған шақта жұрт адам айтса нанғысыз қауесетпен бір-бірінің зәресін алды. Бұлай болуы да заңдылық еді.

Сонымен, 1993 жылдың шілдесінде Ресейдің Орталық банкі 1961-1992 жылдардағы үлгідегі кеңестік ақша белгілерін, сондай-ақ 1992 жылғы үлгідегі 5 және 10 мың рубль номиналындағы ресейлік купюраларды айналымнан шығару үшін акция өткізді. Бұл, шын мәнінде, ескі рубльдің құлдырауын білдірді. Соның нәтижесінде Қазақстанға ескі үлгідегі ақша ағыны құйылды. Тауарлар мен қызметтердің бағасы бірден 50 есе аспандап кетті, ал салымдар тез құлдырай бастады. Сол кезде ҚР Үкіметі мен Ұлттық банкі ақша реформасын жүргізу және өз валютасын енгізу туралы шешім қабылдады.

«Ұлттық валютаны енгізу объективті қажеттілікке айналды. Экономикалық бірлестіктің қашан да ұтымды екені даусыз. Бірақ, нарықтық негіздегі интеграция – бұл тіпті күшті әрі бай мемлекеттер үшін де өте күрделі мәселе. Еуропалық Одақты алайық. Ортақ валютаны енгізу үшін көп уақыт қажет болды. Шындығында, біз, сол уақытта, тоқсаныншы жылдардың басында интеграцияға дайын болмадық. Конфедерация туралы да әңгіме жүрді. Яғни, республикаларға саяси тәуелсіздігін беріп, бірақ бірыңғай ақша бірлігін қалдырып, қаржы жүйесін сақтауға болатын еді. Бұл бір жағынан ТМД-ның барлық елдері үшін пайдалы болды. Бірақ, Ресей үкіметі өз валютасын құруға шешім қабылдағандықтан, Қазақстан жаңа рубль аймағына өту үшін Татарстан немесе Башқұртстан атынан ғана кіре алатындықтан, бұл мүлдем тиімсіз шешім болды», – деп еске алады Қазақстан Ұлттық банкінің бірінші төрағасы Ғалым Байназаров.

Мұндай жағдай Қазақстанда алдын ала болжанып, оған дайын болды. 1992 жылдың ақпан айында сол кездегі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ғалым Байназаровты шақырып, оның алдына ұлттық валютаны дайындап, енгізу жөнінде аса маңызды міндет қойды.

«Сол кезде Қазақстан мен Ресей экономикалары бір-бірімен тығыз байланыс орнатты әрі біздің еліміз рубль аймағында болғандықтан, бұл тапсырма құпия сақталды. Егер мұны жария еткенде, онда бұл қоғамда біршама толқулар тудыра еді де, біз үлкен шығынға ұшырайтын едік», – деп түсіндірді Ғалым Байназаров.

Мемлекеттік тапсырманың құпия сақталғаны соншалық, ұлттық валютаны дайындау мен енгізудегі ауқымды жұмыс туралы жоғары лауазымды шенеуніктерді айтпағанда, оны кейбір вице-премьерлер де білмеген. Әлемдік тәжірибені зерделеу, дизайн әзірлеу бойынша отандық кадрларды іріктеу және оларды оқыту, құпияны сақтай отырып, салыстырмалы түрде арзан, сапалы әрі жылдам купюралар жасай алатын шетелдік компанияны таңдау – осының барлығы лаңсыз әрі жағымсыз салдарсыз хәм жариялаусыз өтті.

Уақыт қысып барады. Төл ақшаны қайда басып шығару керектігі туралы сөз болғанда, бар назар Батыс елдеріне ауды. Сапарлар, мамандармен кездесулер басталды. Испания, АҚШ, Ұлыбритания, Франция өз қызметтерін ұсынды. Таңдау «Harrison & Sons» шағын ағылшын компаниясына түсті. Бұл фирманың Банкнот

фабрикасы төрт ғасыр бойы пошта маркалары мен банкноттар шығарады. Бірақ, ең бастысы, шағын ұйым ақпараттың тарап кетуіне жол бермейді және құпияны сақтауды қамтамсыз етеді.

Банкнот фабрикаларының қызметкерлерімен алғашқы кездесулерден кейін Қазақстан өкілдері ақша дизайны өзіндік құнының 35-40 пайызын құрайтынын анықтады. Былайша айтқанда, бұл купюра шығарудың ең қымбат жолы. Үнемдеу мақсатында дизайнды әзірлеу отандық суретшілерге сеніп тапсырылды.

лық топқа Тимур Сүлейменов, Ағымсалы Дүзелханов, Меңдібай Алин және Қайролла Ғабжәлелов кірді.

Суретшілер банкноттардың бірнеше эскиздерін әзірледі. Бірінші нұсқада қазақ ою-өрнегіне басымдық берілді. Екіншісінде – банкноттар американдық долларға, үшіншісінде – ультра заманауи баян етілген голланд валютасына ұқсас сурет болды. Төртінші нұсқа – қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушылардың, қазақтың ғылым және мәдениет қайраткерлерінің портреттерімен толықтырыл-

аз болатындай параметрлер таңдалған.

«Портрет галереясын ұзақ уақыт бікітті. Ең үлкен қиындық сәйкестендіру болды. Тарихи қайраткерлер жеке тұлға ретінде мұрағат құжаттарымен салыстырылды, олардың портреттерін Ғылым академиясы мақұлдауы керек еді. Жалпы, мемлекет қайраткерлерінің портреттерін банкноттарға салу дәстүрі мұндай ақшаның көшірмесін жасау қиынға соғатындығымен түсіндіріледі. Ұлы адамдардың тұлғалары көпке таныс. Оған қоса, тарбиелік, тарихи, саяси аспектілер

қаншама қателіктер жіберілсе де мұндай құйма ақыры қорығылып шықты. Бірақ, оны құпия ұстау қажет болды да, бірден тиын соғу мүмкін болмады. Сондықтан уақытша қағаз түрінде шетелде басып шығаруға шешім қабылданды. Дегенмен, қағаз түріндегі майда ақша тез тозып қалатын, сондықтан кейінірек одан бас тартты.

Рубльдерді теңгеге ауыстырардан 2-3 күн бұрын жаңа қағаз ақшалар облыстар мен аудандарға таратылды. Ұлттық банктің жылжымалы кеңсесі ретінде рунданы ұшақ бөлініп, ҰҚК мен ИМ оның күзетін қамтамасыз етті.

Ақша жеткізілген соң, Қазақстан Президенті бұл жаңалықты халыққа хабарлады. 1993 жылы 13 қарашада Нұрсұлтан Назарбаев теледидар арқылы ұлттық валютаның енгізілгені туралы жария етті. Бұл ел өміріндегі бүтін бір дәуірдің аяқталып, жаңа заман басталғанын айғақтаған ерекше күн болды. Ал, 15 қараша күні теңге қолданысқа енгізілді. Содан бері бұл күн ресми түрде «Ұлттық валюта күні» деп аталады.

Сол уақыттан бері төл теңгеміз көптеген өзгерістерге ұшырады: елімізде жеке Банкнот фабрикасы пайда болып, купюралар жаңа дизайнмен және номиналмен басып шығарыла бастады.

1995 жылға дейін 1-ден 100 теңгелікке дейінгі қағаз ақшалар қолданыста болды. 1000 теңгелік купюралар 26 жыл бұрын пайда болса, 2000 теңгеліктер 1996 жылы шықты. Ал, 1998 жылы 5000 теңгеліктер айналымға шыға бастады. 2006 жылы 200-ден 10 000 теңгеге дейінгі жаңа сериялы банкноттар басылды. Бүгінгі таңда ең ірі қағаз ақша болып 20 мың теңгелік банкнота саналады.

Әрбір девальвация сайын жаңа купюралар жасауға тура келді. Сол кезеңдерде теңгеден біртіндеп адам портреттерін алып тастауға мүмкіндік туды. Себебі, ақшадағы адамдардың суреті мұсылмандықты ұстанатындардың көңіліне тиген еді. Сондықтан да дизайнерлер бейтарап пейзаждар мен сәулет ескерткіштерінің суретін қоюды жөн деп шешті.

Теңге девальвацияға алғаш рет 1999 жылы сәуірде ұшырады, сол кезде ұлттық валютамыз 64,6%-ға құнсызданып, 1 долларға шаққанда 88-ден 160 теңгеге бір-ақ арзандаған болатын. Үкімет теңгеге айырбас бағамы еркін құбылып тұру керек деп шешім қабылдады. Осы хабарландырудан кейін келесі күні айырбастау пункттері долларды 150-160 теңгеден сата бастады. Төрт айдан кейін бағам түзеліп, долларға шаққандағы құны 130-135 теңгені ұстап тұрды.

Екінші девальвация елімізде 2009 жылдың ақпан айында келді. Сол кезде доллар бағасы 25%-ға көтеріліп, 128-ден 170 теңгеге дейін күрт секірді. Бес айдан кейін доллар 150 теңге деңгейінде белгіленді.

Ұлттық валюта құнының үшінші күрт төмендеуі 2014 жылғы ақпанда орын алды, бұрынғы 155 теңгенің орнына жаңа бағам бір американдық доллар үшін 182-188 теңгені құрады.

Төртінші девальвация 2015 жылы тамызда болған еді. Бір тәулікте теңге бағамы 26%-ға төмендеп, бір доллар құны 255 теңгеге көтерілді.

Содан бері Қазақстан валюта бағамының тіркеп отыру тәсілінен бас тартып, оны еркін жүзуге жіберді. Бүгінгі таңда 1 АҚШ долларының бағамы 424 теңгені құрайды.


Біздің ұлттық валютамызбен мақтанарлық себептер аз емес. Мәселен, теңгеміз қолдан жасаудан ең бір қорғалған купюра саналады. Сонымен қатар, ол әлемдегі ең бір әдемі ақшалардың қатарына енеді. Осылардың бәрінен бұрып төл теңгеміз тәуелсіздігіміздің экономикалық негізі, егемендігіміздің материалдық айғағы.

ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ ТАРИХЫ

1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанда алғаш рет егемендіктің символы, мемлекеттің ақша жүйесінің негізі – ұлттық валюта айналымға енді. Бастапқыда кеңестік рубльдің қазақша атауын «сом» деп қалдыру жоспарланды. Бірақ, 1993 жылы 3 мамырда Қырғызстан бұл атауды қолдана отырып, өзінің ұлттық валютасын енгізді. Сол кезде шешім ежелгі атауының пайдасына шешілді. Идеяны экономист Сауық Тәкежанов ұсынды.



■ Теңгені ұстап тұрған Нұрсұлтан Назарбаев. 1993 жыл



■ Ұлттық валютаның тұңғыш дизайнымен суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов және Қайролла Ғабжәлеловтер айналысты

Ең алдымен, болашақ теңгенің бейнесін жасайтын суретшілер қажет болды. Және өте қысқа мерзімде. Мәселен, суретшілер ағылшын фунтын алты жыл бойы салса, қазақстандық мамандарға бір жылдан да аз уақыт берілді. Теңгені жасап шығару бойынша шығармашы-

ды. Осы соңғы нұсқа таңдалды. Теңгеге таңбаланатын тұлғаларды таңдау кезінде тарихшылармен кеңескен. Купюралардың өлшемдері кеңестік үлгідегі есептеу машиналарының көлеміне сәйкес келуге тиісті болғандықтан ұзақ талқыланды. Оған қоса, қымбат қағаздың қалдықтары

де болуы керек. Мысалы, Әбілқайыр хан Ресеймен одақтастық шартқа қол қойды. Абылай хан – қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы. Ұлы ғалым әл-Фараби туралы Шығыс пен Батыс біледі. Оның портретін біз, номиналы бір теңгелік купюраға қойдық, өйткені мұндай банкнот валютаның негізі болып есептеледі», – дейді Ғалым Байназаров.


Оның ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президентінің портреті де болды. Бірақ, Назарбаев бұл нұсқаны қабылдамады. Алайда, Президент басқа ұсынылған нұсқаларды мақұлдап, тапсырыс беруге рұқсат берді.

1992 жылдың қарашасында басталған теңге өндірісі 1993 жылдың сәуірінде аяқталды. Алматы-Ақтау-Лондон арнайы бағыты әзірленді. Жаздың басында валюта Қазақстанға жеткізілді. Банкноттар Жамбыл қоймасына жөнелтілді. Бұл да құпия түрде жүзеге асты.

Ұсақ монета-тиынды соғу туралы да сұрақ туындады. Көптеген металлургиялық зауыттар мен мыс, мырыш, күміс кен орындары бар Өскеменде теңге сарайын құру туралы шешім қабылданды.

Жаншу жылдамдығына төтеп бере алатын иілгіштігі жоғары, сондай-ақ татануға шыдамды құйма керек болды. Бұл ретте ол металл монетаның өзіндік құны номинал бағадан асып кетпейтіндей арзан болуы тиісті. Көптеген сынақтар жасалып,

COMSTECH-SAC ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУҒА КҮШ БІРІКТІРІП КЕЛЕДІ



Ислам ынтымақтастығы Ұйымы (ОИС) жанындағы Халықаралық консультативтік кеңестің (COMSTECH-SAC) бірінші отырысы өтті. Оған посткеңестік кеңістіктегі академиялық қоғамдастықтың жалғыз өкілі – білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам Ұйымы сыйлығының лауреаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалым Мұтанов қатысты.

COMSTECH-SAC – ислам әлеміндегі ғылым, технологиялар мен инновацияларды дамыту саласында тәжірибе алмасу, әлеуетті арттыру, озық тәсілдер мен қолданбалы ұсынымдарды әзірлеу алаңына айналуда бағытталған жаңа институционалдық механизм.

Ғылыми-консультативтік кеңес бүгінде ОИС-қа мүше мемлекеттердің алдында тұрған ҰТБ-ны дамытудағы мәселелерді шешуге арналған. Оның


құрамына әлемге әйгілі ғалымдар мен практиктер кіреді.

Отырысқа COMSTECH Бас Үйлестірушісі, Ислам әлемінің Ғылым академиясының Экс-бас директоры, Пәкістан Премьер-министрінің Ғылым және технологиялар жөніндегі нұсанаы тобының Төрағасы мен 12 ислам мемлекетінің COMSTECH-SAC құрметті мүшелері қатысты.

COMSTECH Бас үйлестірушісі Икбал Чаухари өзінің қарсы алу сөзінде ұйымның рөліне, бағдарламалары мен бастамаларына, ОИС елдерінде ғылыми-технологиялық құрамды ілгерілету жөніндегі жоспарларға тоқталды, сонымен қатар, халықаралық консультативтік кеңестің қызметі жөнінде пікірін жеткізді. Бірінші отырыста ОИС-қа мүше елдердің ғылымы мен технологиясын дамыту мәселелері, сондай-ақ Астана декларациясына сәйкес ғылыми кеңес беру және озық тәжірибемен алмасу тетіктері талқыланды.

«Ғылым, технологиялар, инновациялар және ислам әлемінің жаңғыруы» атты ОИС Саммиті Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен 2017 жылы Қазақстанда шақырылған болатын. Астана декларациясында ОИС-қа мүше елдердің тұрақты даму және қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге қарсы тұру мақсатында ынтымақтастықты бірлесіп кеңейту ұмтылысы алға тартылып, ұйымға қатысушы елдерде ғылым, технологиялар мен инновацияларды дамыту саласындағы басымдықтар мен ортақ міндеттер айқындалған.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КӨРКЕМСУРЕТ КӨРМЕСІ ӨТТІ



Жексенбі күні, 31 қаңтарда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Тоққожа Қожағұловтың ұйымдастыруымен Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында ақық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «...Біздер – әлі жан баспаған асқармыз, біздер – әлі жазылмаған дастанбыз» көркемсурет көрмесі карантиндік режим талаптарын сақтай отырып, офлайн және онлайн форматта өтті.

Көрмеге Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры Темірхан Ордабеков, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Жұмақын Қайрамабаев, ӨМЖСИ-дің директоры Тоққожа Қожағұлов, ҚР Мәдениет қайраткері Нұрболат Исаков, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Жақсылық Тобажан сияқты қылқалам шеберлерінің Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен көркем шығармалары негізінде жазылған туындылары қойылды.

Іс-шараға қатысушылар өздерінің лебіздері және көркем туындылардан алған әсерлерімен бөлісті. Көрме жоғары деңгейде өтті.

ЛОТОС ҒИБАДАТХАНАСЫ



Lotus Temple (Лотос ғибадатханасы) деп аталатын бахаи дінінің бұл басты ғибадатханасы 1986 жылы есігін айқара ашты. Үндістан астанасы Нью-Делиде орналасқан сәулет туындысының құрылысы 8 жыл бойы жүргізілді. Ақ мәрмәрдан салынған ғимараттың биіктігі – 31 метр, ал сыйымдылығы – 1 300 орын. Ашылған лотос гүлінің бейнесіндегі ғибадатханаға 1986 жылдан бері 100 млн-нан астам турист келіп, бұл көрсеткішпен Лотос ғибадатханасы Эйфель мұнарасы мен Тәж-Махалдың алдын орап кетті.

Редакция «Qazaq» газетіне жазылуың ең оңай жолын ұсынады



Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтудың керегі жоқ. Сонымен...

СІЗ ОЛ ҮШІН

- I. Газеттің жауапты хатшысы Маржан Жамбайдың Kaspi Gold [5169 4931 4731 3665] картасына қажетті ақшаны [12 айға – 5 000 теңге] аударсаңыз;
- II. Kaspi Gold арқылы аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті.

СОДАН КЕЙІН

- I. Сіз үшін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға газетке жаздыртады;
- II. Әр апта газетті үйіңізге пошташы апарып беретін болады;
- III. Газетке бір құтықтауыңызды тегін жариялауыңызға мүмкіндік беріледі.

«Qazaq» газеті әр аптаның сейсенбі күндері Халықаралық Алматы әуежайында, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, «Сайран» автобекетінде, Алматы метрополитенінің барлық 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады



ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

«Qazaq» газетіне PR мақала, құтықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, редакцияға хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

ДОПИНГ ДАУЫ:

Ильин, Чиншанло, Манеза, Подобедова... енді Рахимов

Соңғы жылдардағы допинг дауы ауыр атлетиканың түбіне жететін болды. Дегенмен, Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) 2024 жылғы Париждегі ойындарда ауыр атлетика додасының өту-өтпеуін әлі нақтылаған жоқ. Бірақ, Токиодан кейін ауыр атлеттер Олимпиадамен қоштасуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Осындайда Беймбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесі еріксіз еске түсетінін, ауыр атлетикадағы даудың басы допингтен басталғанын бұған дейін «Qazaq» газетінде жазған болатынбыз.

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ, спорт шолушысы

Ауыр атлетикадағы кез келген жаңалықты қалт жібермей қарап отырғанымыз рас. Өйткені, соңғы үш Олимпиада ойындарында Қазақстан қоржынын медальмен толтырғандар негізінен осы зілтеміршілер болды. Мәселен, 2012 жылы Лондонда күміс, қола жүлделерді айтпағанда, төрт қазақстандық ауыр атлет Олимпиада чемпионы атанды. Бірақ, допинг дауына байланысты Ильин де, Подобедова да, Чиншанло мен Манеза да алтын медальдарын ХОК-ке қайтарып берді. Сөйтіп, соңғы үшеуінің 2012 жылғы Олимпиадада, алғашқысының қос бірдей Олимпиадада (2008, 2012) көрсеткен жетістіктері жоққа шығарылса, ауыр атлеттердің Рио-де-Жанейрода (2016) жеңіп алған марапаттары әзірге өздерінде қалды.

«Әзірге» сөзі бұл жағдайда артықтау болмас, себебі сол кезде алынған допинг-сынамалардың сақталу мерзімі тек 2026 жылы бітеді, ал оған дейін көп нәрсе өзгеруі мүмкін. Яғни, тыйым салынған заттарды анықтау әдісі ұдайы жетілдіріліп отырады. Айтса айтқандай, 18 қаңтарда Халықаралық ауыр атлетика федерациясы (IWF) Рио Олимпиадасы мен әлем чемпионы Ниджат Рахимов допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін жарыстардан уақытша шеттетілгенін хабарлады. Ол «2016 жылы зәр талдауын алмастырды» деп айыпталып жатыр. Ал, айыпталған ауыр атлеттердің ешқайсы ақталмағандарын ескерсек, онда ауыр атлетикадан Рио Олимпиадасында алған жалғыз алтын медальді қайтарып беретін түріміз бар. Бұған дейін де допинг дауына байланысты Ниджат Рахимов спорттан шеттетілген еді.

Ниджат Рахимов кім? Әзербайжаннан неге кетті? Қазақстан азаматтығын қашан алды? Енді осы сұрақтарға жауап беріп көрейік.

2016 жылы Рио Олимпиадасында 77 келіде ерлер арасында өнер көрсеткен қазақстандық ауыр атлет Ниджат Рахимов топ жарғанда «Бұл Олимпиада чемпионын осы жұрт біле ме екен?» деп мақала жазғанбыз. Жұрт білмесе, қайталап айттайық, әзербайжандық Ниджат Рахимов 2014 жылы Қазақстан азаматтығын алды. 2015 жылдан бері спортшы халықаралық ареналарда Қазақстанның намысын қорғап жүр. 2015 жылы АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен әлем чемпионатында Әзербайжанның тумасы 77 келіге дейінгі салмақта алтын медаль иеленіп, Қазақстанның туын көкке көтерді.

Рас, Қазақстанның ұлттық құрамасында легионерлердің қатары өте көп. Әсіресе, ауыр атлетикада (көбі кейін допингпен ұсталды). Өз елінде жағаға шығып қалған балықтай күй кешкен сол спортшылардың басым бөлігі Отандарына ренжіп Қазақстанға қоныс аударды. Бұл «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» дегенге саяды. Ал, оларды Қазақстан халқы жатырқаған жоқ. Федерация бар жағдайларын жасады. Ішкендері алдында, ішпегендері артында болды. Еліміз бұл легионер спортшыларға қадімгі инстинция ретінде қарады. Кейбірінің қайтарымы мол болса, кейбірі үмітті, кеткен шығынды ақтамады.



Қазақстан азаматтығын алмай тұрып та Рахимов Әзербайжанның атынан біраз жетістікке жетті. Айталық, 2010 жылы Сингапурде өткен жастар арасындағы Олимпиада ойындарының жеңімпазы. 2013 жылы жастар арасындағы әлем біріншілігінде екінші орын алды. Сонымен қатар, Татарстан астанасы Қазанда өткен 2013 жылғы Универсиада ойындарында Әзербайжан елінің туын ұстап шыққан. Бірақ, бұл бәсеке барысында бірінші жаттығудың өзінде зілтемірді төбесіне көтере алмай, жүлдесіз қалады. Осыдан кейін ауыр атлеттің спорттағы аяқ алысы нашарлай бастайды. 2014 жылы «Ниджат Рахимов Қазақстан азаматтығын алады» деген әңгіме спортшы әкесінің әзербайжандық БАҚ өкілдеріне берген атышулы сұхбатынан соң шыққан болатын. Мұндай шешімді спортшы ауыр атлетикадан Әзербайжан құрамасының бапкерлерімен сөзге келіп қалған соң қабылдаған. Бұдан кейін Қазақстан ауыр атлетика федерациясы оған қолқа салған. Рахимовтың азаматтық ауыстыруына байланысты келіссөздер ұзаққа созылды. Дегенмен, Әзербайжан тарапы Ниджаттың Қазақстан атынан бәсекелерге қатыса беруіне келісім берді. Содан әзербайжандық ауыр атлет 2014 жылы Қазақстан азаматтығын алды.

Қазақстан атынан 2015 жылы әлем чемпионы болған ол 2016 жылы Олимп шыңын бағындырды. Біздің легионер жеңілуді білмейтіндей көрінген Лондон Олимпиадасының чемпионы, үш дүркін әлем чемпионы қытайлық Люй Сюэцзюньнің жолын 2015 жылы Хьюстонда да, 2016 жылы Рио-де-Жанейрода да кесті.

Иә, атағынан ат үркетін қытайлық қарсыласын жеңген Ниджат Рахимов Олимпиада чемпионы мен жүлдегерлерін марапаттау кезінде еңіреп тұрып жылады. Бұл қуаныштың да, өкініштің де көз жасы шығар. Неге десеңіз, чемпионның қуанатыны – атақты Люй Сюэцзюньнің алдын орап, қоссайыс қорытындысында рекордты жаңартып, Олимпиада чемпионы атанды. Яғни, ең алдымен кезінде өзінен сырт айналған Әзербайжан ауыр атлетика федерациясына, туған еліне мықтылығын сөзбен емес ісімен дәлелдеді (осыған сенгіміз-ақ келеді). Ал, біздің ойымызша, Рио төрінде өз елінің атынан өнер көрсетуге, Әзербайжан туын көкке көтеріп, әнұранын шырқатуға мүмкіндіктің болмағанына өкінді.

Ниджат Рахимов Олимпиада чемпионы болған 2016 жылы Әзербайжанның

бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері ол туралы түрлі басылымдарда, порталдарда жарыса жазып, телеарналарда жарыса көрсетіп, радиоларда жарыса айтып жатты. Бәрі де спортшының Олимпиадада бұл алтын медальді Әзербайжанның атынан алмағанына, кезінде оның Қазақстан азаматтығын алуына жол бергендеріне өкініш білдірді. Олар Ниджат Рахимовтың Қазақстан туының астына өтуіне сол кездегі ауыр атлетикадан Әзербайжан ұлттық федерациясының басшылығын тікелей кінәлады.

Болгар маманына өкпесі қара қандай болған Әли Рахимов баласының Қазақстан азаматтығын алуына ауыр атлетикадан Әзербайжанның сол кездегі бас бапкері Златан Ванев кінәлі екенін ашық айтады. Өз кезегінде сол тұстағы бас бапкер спортшының әкесі айтқан бұл айыптармен мүлдем келіспейтінін, бәріне Ниджаттың өзі кінәлі екенін, тәртіпке бағынбағаны үшін ұлттық құрамадан шеттетілгенін алға тартты.

Рас, Златан Ванев пен Әли Рахимовтың арасындағы айтыс-тартыс ұзаққа созылды. Екі жақтың да өз шындығы болды. Екі тарап бір ортақ шешімге келе алмады. Жоғарыда жазғанымыздай, ақыры Ниджат Рахимов Әзербайжанның ұлттық құрамасынан шеттетілді. Артынан ауыр атлет Қазақстан азаматтығын алып, біздің елдің атынан халықаралық жарыстарға қатыса бастады.

Өкінішке қарай, Ниджат Рахимовтың Қазақстанда сәтті басталған спорттағы ғұмырына нүкте қойылатын түрі бар. Әрине, ауыр атлетке қатысты соңғы сөзді Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (WADA) айтады, түпкілікті шешімді Халықаралық ауыр атлетика федерациясы қабылдайды.

Ниджат Рахимов допинг дауына байланысты өзінің Instagram парақшасында «Менің атыма жарияланып жатқан айыптар жөнінде хабарлама алдым. Кез келген кәсіби спортшы ретінде маусым бойы мен бірнеше рет допинг сынамамын өткіземін. Кіші дәретіме ары қарай не болатынын мен білмеймін. Одан арғы шаруа бізді тексеретін тестілеуші органдардың жауапкершілігінде. Мен қол қусырдып, бөтен адамның айыбын мойныма алғалы отырған жоқпын. Адал спортты қолдайтындардың бірімін», – деп жазды.

Ауыр атлеттің ақтығына сенгіміз-ақ келеді. Дегенмен, Ильин де, Подобедова да, Чиншанло мен Манеза да кезінде солай айтқан, солай ақталған...

САРЫАҒАШ
MARSEL
Әр тамшыда қуат пен күш!
Сия и здоровье в каждой капле



МЕНШІК ИЕСІ	«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ
РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ	МАХМУТ НӘЛІБАЕВ
БАС ДИРЕКТОР	ҚАЛИ ҚАМБАРОВ
БАС РЕДАКТОР	ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ	СИВИ МАХМУДИ
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ	МАРЖАН ЖАМБАЙ
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР	АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ
ШОЛУШЫЛАР	МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ АРУЖАН МҰХАНБЕКҚАЛИ ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ ФАРАБИ СҰЙКЕНОВ
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР	ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАН – НҰР-СҰЛТАН СЕРІК ШАЙМАН – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ	ҚОҒАБАЙ СӨРСЕКЕЕВ СЕРІК ҚИРАБАЕВ САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ ХУСАЙЫН ҰАЛБЕК АЛМА ДОСКАНОВА ГУЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ	
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А106, Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 303 кеңсе (редакция) А25Н9М7, Береговая көшесі, 12 үй (бас кеңсе)	
РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ	
+7 (701) 505 48 48	kazakh_2006@mail.ru
ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР	
Халықаралық Алматы әуежайы	Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері	«Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті «Алматы-2» теміржол бекеті	Станционная к-сі, № 01 Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті	Төле би к-сі, № 294
ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР	
«Караван», «Kok tengri» (Мир пресс) дүңгіршектері	
ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР	
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері	
ТАРАЛЫМЫ 21 200 ДАНА	ТАПСЫРЫС № 140 / 18
Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Өмір-Нұр» (Талғар, Қонаев к-сі, 18) баспаханаларында басылды	

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді. Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды. Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді. 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты. Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына / тіліне жауап бермейді. Газетте интернет сайттарының фотолары, infom.kz, baq.kz, baribar.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды. Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады.